Состав и строение полученных соединений (VI, IX) подтверждены данными элементного анализа и ИК-, ПМР ^1H , ЯМР ^{13}C спектроскопии.

Практическая ценность исследований состоит в расширении круга фосфорилированных ацетиленовых аминов алициклического ряда представляющих интерес, как для развития тонкого органического синтеза, так и для практического осуществления направленного синтеза соединений с заранее заданной структурой.

1. Туканова С.К., Джиембаев Б.Ж., Бутин Б.М. Фосфорилирование 1-этинил-1-аминоциклогексана диалкилфосфористыми кислотами. // Журнал общей химии. – 1989. – Т.59. – вып. 11. – С.2633-2634.

2. Джиембаев Б.Ж. α -окис и α -аминофосфонаты шестичленных () гетероциклов. – Алматы: Комплекс, 2003. – С.234.

3. Вацуру К.В., Мищенко Г.Л. Именные реакции в органической химии. – М.: Химия, 1976. – С.24.

Түйін

1-этинил-1-аминоциклогексан негізіндегі амидофосфаттар мен триамидофосфат

Н.А. Ахатаев, Б.Ж. Джиембаев, Г.Т. Барамысова, Г.Т. Каниева

1-этинил-1-аминоциклогексанонның жаңа фосфорильденген туындысының синтезі жүргізілді. Алынған қосылыстардың құрамы мен құрылысы элементік анализ, ИҚ, ПМР ^1H , ЯМР ^{13}C спектроскопиялары әдістерімен дәлелденді.

Summary

The amidophosphates and try amidophosphates 1-ethynyl-1-aminophociclohexan

N.A. Ahataev, B.Zh. Dzhiembaev, G.T. Baramisova, G.T. Kanieva

Accomplished synthesis of new phosphorylated derivatives of 1-ethynyl-1-amino acid. Composition and structure of obtained compounds confirmed by6 the data of elemental analysis IR, PMR, NMR ^{13}C of spectroscopy.

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР НАУКИ О ЗЕМЛЕ

ӘОЖ 504 : 801.311 (574)

ТАРБАҒАТАЙДАҒЫ ҚЫСТАУ АТАУЛАРЫ ЖАЙЛЫ

К.Д. Каймулдинова –

География ғылымдарының кандидаты, доцент,

Р. Смағұлова –


«География» мамандығының 2-курс магистранты

Қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізу ерекшеліктері де географиялық атауларда көрініс тапты. Бұл тұрғыдан алғанда « шаруашылықты ұйымдастыру» ұғымының шеңберінде халықтың көшіп-қонуы, маусымдық қоныстар мен жайылымдарды пайдалану ерекшеліктері енгізілгенін атап өтуге болады.

XV – XVIII ғасырлардың археологиялық мұраларын зерттеу барысында ғалымдар қазақ халқы қоныстануының төрт типін (қыстау, қыстық, уақытылы-қорған, қала) ажыратқан. Қыстаулар өзен юйлары мен қолайлы тау аңғарларында орналасқан маусымдық қоныстар түрінде болса, қыстақтар бұрынғы қыстаулар онында пайда болған отырықшы мәдениеттің үлгісі болып табылады. Уақытылы қорғандар жаз кезінде пайдаланылатын бекіністер түрінде болған, ал қалалар отырықшы халықтармен қазіргі топонимиялық жүйеде қыстаулармен байланысты қоныс атауларының жақсы сақталғанын байқауға болады, оның себебі қыстау атауларында жергілікті табиғат ерекшеліктерінің көрініс табуымен түсіндіріледі. Ал табиғат ерекшеліктерін сипаттайтын атаулар өміршең келетіндігі байқалған.

Бұл мәселені талдау мақсатында ежелден мал шаруашылығы дамыған, жер бедері, ландшафтары алуан түрлілігімен ерекшеленетін Шығыс Қазақстан облысындағы қыстау атауларына сараптама жасадық. Бастапқы дерек ҚР географиялық атауларының мемлекеттік каталогынан алынды.

Талдау барысында осы өңірдегі қыстау атауларының басым көпшілігі табиғат жағдайларынан хабар беретіндігі анықталды. Жалпы талдау үшін антропонимдерді санамағанда, 651 қыстау атауы таңдалып алынды (қосымша). Олардың 40% - ын (260 атау) оронимдер негізінде қалыптасқан (1-сурет).



Сурет 1 - Қыстау атауларындағы терминдер

Оронимдердің қыстау атаулары арасында басым болуын жер бедері сипатының қатал қыс жағдайында шешуші орны алуымен түсіндіруге болады. Жалпы Шығыс Қазақстан облысындағы қыстау атауларында 10-нан астам орографиялық термин қатынасқан. Олардың топонимикалық белсенділігі 1- кестеде бейнеленген.

Кесте 1-шығыс қазақстандағы қыстау атауларындағы орографиялық терминдер

Термин	Қыстау атаулары
Адыр	Жоладыр, Қызыладыр, Сұлуадыр, Шұбарадыр
Бас	Ақбас, Басжаманқара, Қарабас, Қызылбас, Қойбас, Шоқыбас, Түлкібас, Құлжабас, Тасбас
Биік	Ақбиік, Қарабиік, Сарыбиік
Бел	Белашы, Сарыбел
Жал	Ақжал, Қаражал, Сарыжал, Тасты Қаражал, Төртжал, суықжал, Ұзынжал, Дөненжал
Жар	Қаражар, Қызылжар, Жарбастау
Жартас	Жақсы жартас, Жаман Жартас, Қаражартас, Жартас
Кезең	Ақкезең, Сарыкезең
Кемер	Көккемер, Қаракемер, Жаңа Көккемер, майкемер
Оба	Ақба, Жоғарғы Қараоба, Қараоба, Қособа, Обалы, Сарыоба, Төртоба, Төменгі Қараоба, Үшоба, Үлкенобалы
Өзек	Ақөзек, Қараөзек, Көкөзек, Сарыөзек, Үшөзек, Шолақөзек
Тау	Ақшатау, Қаратау, Көбеңтау, Қызылтау, Сарытау
Төбе	Ақтөбе, Аралтөбе, Қостөбе, Құртөбе, Қызылтөбе, Үштөбе, Шұбартөбе, Қаратөбе, шеңгелтөбе, шитөбе
Тас	Ақтас, Балатас, Беріктас, Жалтас, Қалмақтас, Қаратас, Керегетас, Қойтас, Көктас, Қорғантас, Қызылтас, Маятас, Мойынтас, Ойтас, Сандықтас, Серектас, Сымтас, Таңбалытас, Тасбас, Тасбасқан, Тасөткел, Тастықаражал, Тастылық, Тесіктас, Түйетас, Үңгіртас, Шақпақтас, Шарықтас, Шойтас, Шоқпартас
Түбек	Ақтүбек, Қойтүбек
Шат	Қарашат, Сұлушат, Шат, Шолақшат
Шоқы	Қаншоқы, Ақшоқы, Қарашоқы, Көкалашоқы, Қосшоқы, Қызылшоқы, Сарышоқы, сұлушоқы, Шоқыбас
Дала	Далатақыр, Көкдала, Шардала
Арал	Ақарал, Аралтөбе, Кеңарал
Ой	Қараой, Ойтас, Ойши, Орта Ойшілік, Садықой
Сай	Жамансай, Қарасай, Кеңсай, Қисықсай, Тарсай, Төменгі Кеңсай, Қасқырсай

Бұлардан басқа, «қара», «доңғал», «асу», «қойын», «үңгір», «сеңгір», «тұмсық», «жыра», «кия», «қырқа», «шұңқыр» терминдері де қыстау атауларында кездеседі. Сонымен қатар, қыстау орналасқан жердің географиялық бағдарын айқындау мақсатында атауларда «айрық», «босаға», «жоғарғы», «жанама», «кіндік», «күңгей», «теріскей», «тұйық», «орта», «шет», «теріс», «төменгі», сөздері, ал сипатын анықтау үшін «ақ», «ащы», «жалпақ», «жалаңаш», «қара», «қызыл», «сары», «кен», «тар», «көк», «суық», «шолақ» анықтауыштары қосылған.

Қыстаулардың орналасуына тек жер бедері ғана емес, су көздерінің жақындығы, қолайлылығы да ықпал еткен. Сондықтан қыстау орналасқан аумақтағы су нысандарының атауларына үндес келеді. Гидрографиялық терминдер арасында топонимикалық белсенділігі жоғарларына «бұлақ» (45 атау), «бастау» (13 атау), «құдық» (32 атау), «көл» (12 атау), «тұма» (5 атау) терминдері жатады. Су нысандарының шаруашылыққа қолайлылығы да қыстау атауларында Ағынқатты, Ащысу, Батпақбұлақ, Жылыбұлақ, Молбұлақ, Суықбұлақ, Сасықбұлақ, Тақыркөл түрінде көрініс тапқан.

Қыстау атауларында фитонимдердің кездесуі екі түрлі себеппен түсіндіріледі. Біріншіден, табиғаты қатал аудандарда орналасқан жерді сирек кездесетін ағаш атауымен «белгілеу» жиі кездеседі. Мұнай атауларға Аққайың, бесағаш, Бестерек, Жалғызтал, Қарағай, Сарытеректі, мысалға келтіруге болады. Екіншіден, мал жеуге жарамды өсімдіктер атауын қыстауларға беру дәстүрі бар. Мысалы, Жыңғылды, Қамысты, Шілікті, шилі, Ырғайлы атаулары.

Сонымен, Тарбағатай аумағындағы қыстау атауларын географиялық нысандарды шаруашылық мақсатта қолдану барысында қалыптасқан, сан ғасырлық тарихы бар, жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін, сол себепті арнайы сақтап, қорғауды қажет ететін мәдени мұра ретінде баға береміз.

1. Жолдасбаев С. Типы оседлых поселений казахов по данным археологических исследований Южного и Центрального Казахстана (XV-XIX вв). // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. - Алма-Ата: Наука, 1976. - С. 46-58.

2. Пурин В.Д. Отражение деятельности людей в топонимии Советской Прибалтики // Известия АН СССР, серия географическая. - М., 1969, - №3. - С. 20-28.

3. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 5 том, 1-2 бөлімдер. Шығыс Қазақстан облысы. - Алматы, 2004.

Резюме

В статье проанализированы принципы номинации и информационная нагрузка названий зимовок Тарбагатай. Отмечено, что основное содержание названий зимовок составляют географические термины. В таблице приведены орографические термины в составе названий зимовок. Проанализированы семантические нагрузки терминов в составе названий зимовок.

Summary

In the article, the principles of nomination and informational load of the names of wintering places of Tarbagatai are analyzed. It is noted that main contents of the names of wintering places are geographical terms. In the table, orographical terms in the names of wintering places are given. The semantic load of terms in the names of wintering places is analyzed.

ӘОЖ 502. 7 (574+100)

АЗИЯДАҒЫ ДАМУШЫ ЕЛДЕР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БҮГІНГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІНЕ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ

Р.Е.Қалдыбекова-

*«Елтану» кафедрасының оқытушысы
география – экология факультеті, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Әдетте мемлекет экономикаының даму деңгейі жалпы жиынтық кнiм көлемiмен анықталады. **Жиынтық өнiм екi түрден тұрады; жиынтық iшкi өнiм (ЖIӨ) және жиынтық ұлттық (ЖҰӨ). ЖIӨ** жыл бойындағы елдегi өндiрiлген тауар көрсетiлген қызметтiң жалпы құнын айқындаса, ал **ЖҰӨ** өнiм көлемiн анықтауда мемлекет аумағында жұмыс iстейтiн өзге ел кәсiпорындарының табысы есептелмейдi. Сондықтан эконом – географтар аймақтардың әл –ауқатын салыстыру жұмыстарында ЖIӨ көлемiнiң нақты көрсеткiштерiн пайдаланады. Мұндай көрсеткiштердi әлем елдерiне ортақ бiрлiк – АҚШ долларымен анықтайды.

Бiз сөз еткелi отырған Азиядағы дамушы елдерде жоғарыда айтып өткен ЖIӨ көлемiнiң жан басыны шаққандағы мөлшерi дамыған жетекшi елдермен салыстыруға келмейтiнi түсiнiктi жағдай. Дегенмен, аталған аймақтағы дамушы елдерде аймақтық шолу жасасақ, олардың арасында жалпы iшкi өнiм көлемiнiң жан басына шаққандағы көрсеткiшi жөнiнде елеулi айырмашылықтар кездесетiнiне көз жеткiземiз.

Азиядағы дамушы елдердiң көшбасшысы деп – Қытайды, Үндiстанды, Туркияны айтсақ болады [2]. Экономикасының үлкен ауқымдылығына қарамастан Қытай мен Үндiстан ЖIӨ жан басына шаққандағы көрсеткiшi жөнiнен Туркияны алдына салады. Нақтырақ айтсақ, Үндiстанда ЖIӨ жан басына шаққанда 3000 АҚШ долларынан сәл асса, ал Қытайда орташа 5000 доллар, ал Туркияның бұл тұрғыдағы көрсеткiшi 7500 доллар шамасында. Қытай мен Үндiстандағы халық санының жоғарылығын ескерсек, берiлген көрсеткiштi төмен деуге болмас. Ал, экономикасы соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан Туркия бұл көрсеткiшке дамыған өнеркәсiп салаларының ғана емес, сондай – ақ қызмет көрсету мен көлiк сферасының арқасында да жетiп отыр. Мәселен, Стамбулға жыл сайын 2 млн.Адам шамасында шетелдiк туристер келедi. Ал, Қазақстан Туркияға жылына 70–120 мың турист демалуға баратынын соңғы мәлiметтер көрсетуде. Халықаралық туризм мемлекет қоржынына жыл сайын 500 млн. АҚШ долларын түсiредi екен. Сондай –ақ көлiк саласында табыс әкелетiн маңыздысы деп, бұл елде әуе және теңiз жолы транспортын айтуға болады [4].

Азиядағы ЖІӨ жоғары мұнайлы елдер; Бруней, Бахрейн, БАӘ, Катар, Кувейт, Оман, Сауд Арабиясы. Бұл елдердегі көрсеткіш 10000 мен 25000 АҚШдоллары шамасына тең. Азия жолбарыстары деген атпен дүние жүзілік экономикада ерекше аталатын; Корея Республикасы, Тайвань, Сингапур, Сянган, Малайзияның жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі мұнайлы елдердегі көрсеткіштен кем емес. XX – ғасырдың соңына қарай экономикасын жоғары қарқынмен өрлеті білген бұл елдерде шетелдік инвестицияның, сондай-ақ жоғары технологияны қолдану мен білікті мамандардың арзан қызмет етуінің мол шарапаты болғанын атап айтудың орны бөлек. Жер көлемі шағын ғана аралдық мемлекет Сингапур жеткен жетістерге елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың таңғалып, үлгі боларлық тұстарын дәріптеп жүргенін талай хабарлардан тыңдап жүрміз. Тіпті бұл ел туралы мемлекет басшысы өзінің кітаптарында жазған. 1965 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген Сингапур тез ереде экономикасын қарқынды дамыта отырып, ұлттық жалпы өнім көлемін 100%-ға жеткізді. Өнеркәсіптің дамуы мен мемлекеттегі тұрақтылықтың арқасында шетелдің мол инвестициясына қол жеткізді. Өткен ғасырдың 70- жылдарына өрай Сингапур Жапониядан кейінгі Азиядағы ең бай мемлекетке айналды.

Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Кореямен қатарында «жаңа индустриалдық елдер» тобын құрайтын Тайвань мен Сянганның (Гонконг) да жеткен жетістігі аз емес. Жартылай тәуелсіздіктің аз жылында озық елдердің есебіне тіркелген мемлекеттер саны көп емес. Оның ішінде өткен тарихында бодауға беріліп, бақуатты елге айналып шыға келген Гонконг пен Тайваньның алар орны ерекше. Аждаһа бейнелі алып Қытайдың қолтығына сұғынып жатқан шағын қала- мемлекеттің маңдайына 99 жыл бойы ағылшын жұртына тізе бүгу жазылыпты. Гонконг тек 1997 жыдың 1 шілдесінде ғана Ұлыбританияның Қытаймен жасасқан 99 жылдық жалға алу мерзімінің аяқталуына орай Қытайдың қарауына толық көшіп, арнайы әкімшілік аудан болып бекітілді. Өнеркәсіптің дамуы 1950 жылдардан бастау алған Гонконг қарапайым жүк тиеу портынан дүниежүзілік маңызы бар индустриялық орталыққа айналды. Әсіресе Ұлыбританиядан тәуелсіздігін алған жылдары бүкіл Азия бойынша бүгінгідей қаржы дағдарысы орнаған шақта, Гонконгтың өз қаржы секторын реформалау жөніндегі қабылдаған шешімі қазіргі кезде көптеген елдер үшін бағалы тәжірибие. Реформа шеңберінде елдегі үш биржа қайта құрылымдалып, 2000 жылы НКЕХ қор биржасының тұсауы кесілді. Қазіргі таңда Гонконг қор биржасы құнды қағаздар айналымның көлемі бойынша Азияда Жни дүапониядан кейінгі екінші орынды иеленсе, ал ілем бойыншы алғашқы жетілікті қорытындылап тұр. Қазақстандық компаниялар да соңғы уақытта өз акцияларын осы қор биржасына орналастыруға ынталы [6].

Өнеркәсіп саласында халық сұранысына ие тауарлар шығаратын аталған ел, туристік кешендерге де бай. Орта есеппен жылына Сянганға 3 млн туристер келеді екен. Сондай – ақ Гонконг Дүниежүзілік сауда ұйымына алғаш кірген елдер қатарында.

Ал, Тайвань экономикасын Қытайдан бөліп қарастыру мүмкін емес. Өйткені Тайвань экономикасының негізгі екі секторы саналатын химия және мұнай – химия салалары тікелей Қытайдың қарамағында [5]. Яғни, бұл өнеркәсіпті жүргізіп отырған Қытай компаниялары. 2002 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше бұл ел, бүгінде әлемдік жетекші компаниялармен бірігіп, электронды техника және басқа да салаларында көптеген өнім түрлерін шығаруға маманданған.

Ал, ұлттық табысы төмен елдер қатарына сарапшылар Индонезия, Пакистан, Бангладеш көрсетеді [2].

Экономикасында аграрлық секторы басым, өнеркәсібі кенже дамып келе жатқан бұл елдер тобында Индонезияның аталуы неліктен? Аталған мұнайлы елдің бүгінгі экспортында мұнай, мұнай өнімдері, табиғи газ, ағаш өнімдері (хин ағашын ілемдік рынокқа шығарушы), каучук т.б. бар. Сондай-ақ қазба байлықтары да жетерлік. Дегенмен, Индонезия ЖІӨ көлемінің жан басына шаққандағы көрсеткіші жөнінен төмен. Елде кедейлер, әлеуметтік тұрғыда қормалмаған тұрғындар саны көп. Азық – түлік бағдарламасы дұрыс жолға қойылмаған. Осы ретте Индонезияны халқының саны 245млн. –ға жуық екендігін айта кету керек [5]. Яғни дүние жүзінде Қытай, Үндістан АҚШ –тан кейінгі халық саны жөнінен 4- ші орынды иеленеді. Ел халқының әл –ауқатының төмен болуына бұлда себепші жағдай. Тұрмысы төмен халықтың ел өкіметіне қарсы наразылықтары соңғы кезде жиі байқалады.

Аймақтағы Ауғаныстан, Бутан, Йемен, Камбоджа, Лаос, Непал секілді елдерді *артта қалған елдер* тобына қарастырамыз. Аталған елдерге өндірісте ауыл шаруашылығының басымдылығы, экономикалық даму қарқынының өте баяулығы және халқының табиғи өсімінің жоғарлығы тән [1]. Осы ретте қатардағы мемлекеттердегі халқының басым бөлігі сауатсыз екендігін де айтып өту маңызды. Аш-жалаңаш, кедей, сырқат жандар осы *айтылған артта қалған елдер* тобына тән көрініс. Азық –түлік дағдарысы қазіргі таңда дамушы елдердің барлығында дерлік қауіп төндіргендей. Жақында ғана

Малайзиядағы бас қосқан дамушы елдердің жетекшілері қозғаған тақырып осыны меңзейді. Жиналысқа қатысқан; Туркия, Индонезия, Иран, Египет, Пәкістан, Нигерия, Малайзия, Бангладеш сияқты мемлекеттер халықаралық нарыққа бағытталған азық –түлік пен жанар жағар май көлемін арттыру және биоотынға арналған дәнді дақылды себетін жерлердің көлемін азайтып, есесіне азық – түлікке қажетті астық себу туралы мәселе көтерді. Сонымен қатар жиналғандар мұнай бағасының қымбаттауы дамушы елдердің экономикасына аса ауыр соғатынын, ал азық – түлік тапшылығы дамушы елдердегі саяси тұрақсыздыққа әкеп соғатынын айтып дабыл қағуда[5].

Қорыта келе айтарымыз қаржы дағдарысы қыспаққа алған мына заманда халықаралық ұйымдар және дамыған елдер тарапынан тиісті шаралар жасалмаса, аталған аймақтағы бірқатар елдерге саяси шиеленістер мен аштықтан қырылу қаупі төніп тұрғаны анық .

1. Максаковский В.П., Надыров Ш.М., Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. // Қазақстан – просвещение. – 2004. –Б. 25-68
2. Увалиев Т.О., Ахметов Қ. Қазіргі дүние географиясы. – Алматы; мектеп. 2006–Б. 44-71
3. Энциклопедический справочник. «Все страны мира». Изд . Вече. -2002. –С. 207-217, 241-244, 270-295.
4. Есназарова Ұ.А., Темірбеков А.Т. Түркі тілде елдер географиясы. -Анкара, 1999. –Б. 69-87
5. www.kt.kz «Kazakhstan Today»
6. [http: www.economy.gov.uk](http://www.economy.gov.uk)

Резюме

В статье рассматривается уровень экономического и социального развития в настоящее время развивающихся стран Азии. А также дается краткое описание экономики некоторых стран региона, выявляются основные проблемы развивающихся стран и пути их решения. Рассматривается вопрос об оказании помощи со стороны международных организаций и ведущих стран мира выше указанным странам.

Summary

In clause the level of economic and social development now less developed countries of Asia is considered. And also the brief description of economy of some countries of region is given, comes to light the basic problems of less developed countries and ways of their decision. The question, on rendering assistance from the parties international the organizations and the leading countries of the world to above specified countries is considered.

ӘОЖ [91:504](574)

КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТОПОГРАФИЯ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНЕН ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘСІЛІ.

(жоғарғы оқу орындары студенттері үшін)

А.Н.Бейкитова-

«Елтану» кафедрасының оқушысы, география магистрі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Жоғары оқу орнында – География мамандықтары үшін «Картография және топография негіздері» пәні жүргізіледі. Жалпы кредит саны 2 (90сағат). Оның -15 сағаты дәріс, 15 сағаты практикалық, лабораториялық сабақ, 30 сағаты студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған. «Картография және топография негіздері» пәнінің негізгі мақсаты студенттерді географиялық карта түрлері, топографиялық карталарды пайдалану ерекшеліктері; картадағы бұрмаланулар, географиялық карталардың басты қасиеттері мен ерекшеліктерін ашып көрсету; олардың алуан түрлілігін көрсету; карталармен жұмыс істеудің жолдары мен әдістерін анықтау болып табылады. «Картография және топография негіздері»

пәнін оқып-үйрену барысында студенттер **білуі тиіс:** географиялық карталарды тану және оқу; географиялық карталардың элементтерін анықтау; картадағы бұрмаланулардың пайда болу себептері; әр түрлі картографиялық проекциялардың өзіндік ерекшеліктері; карталардың масштабы және олардың карталар бетінде географиялық құбылыстарды кескіндеу тәсілдері; топографиялық карталарды қолдану; түсірім түрлерін білу керек. «*Картография және топография негіздері*» пәнін оқу негізінде студент **меңгеруі тиіс:** географиялық координаттарды анықтау; географиялық картадан градусық қашықтықты анықтау; әр түрлі географиялық картадан градусық қашықтықты анықтау; әр түрлі географиялық карталарды практикалық жұмыс істеу жолдарында қолдану; жекелеген проекциялар түрлеріне тиесілі бұрмаланудың таралуы; картаны пайдалану барысында оның жалпыландыру дәрежесін ескеру; қарапайым түсірім жасауды меңгеруі қажет.

Жұмыс оқу бағдарламасында бұл практикалық сабақты жүргізуге 2 сағат берілген. **Сабақ тақырыбы:** Топографиялық карта бетінің жіктелуі және номенклатурасы. **Сабақ мақсаты:** Студенттерді топографиялық карталар номенклатурасы мен жіктеуге сайын жүргізілген параллельдермен шектеседі. Екі кршілес параллель арасындағы мөлшерді **қатар** дейміз. Қатар латын алфавитінің бас әріптерімен экватордан солтүстікке және оңтүстікке қарай белгіленеді. Жалпы 44 қатар бар. 6° сайын жүргізілген үйрету. **Көрнекі құралдар:** Әр түрлі масштабтағы топографиялық карталар.

1 тапсырма. Топографиялық карта дегеніміз не? **2 тапсырма.** Топокартаның номенклатурасы жіктелу деген не? **3 тапсырма.** Қатар, бағана ұғымдарына анықтама $^\circ$ негізінде 1:1000000 карта масштабы алынады. Осы картаның әр бір беті 6° сайын жүргізілген меридианмен және 4 меридиан арасындағы мөлшерді **бағана** дейміз. Бағаналар батыстан шығысқа қарай араб сандарымен белгіленеді. Жалпы 60 бағана бар [3].

4 тапсырманы орындаудың әдістемелік нұсқаулары:

Мысалы. Омск қаласының 1:1000000-тан 1:10000-қа дейін номенклатурасын анықтаймыз:

1) алдымен Омск қаласының географиялық ендігі мен бойлығын табамыз:

$\varphi = 55^\circ \text{ с. е.}, \tau = 74^\circ \text{ ш. б.}$

Миллиондық картада қатар -4° -тан, бағана -6° -тан берілген. Сондықтан қатарды анықтау үшін $:55^\circ/4=13+3=14$.

1-кестеге қараймыз, онда 14-ші қатарда латынның N әріпі белгіленген.

Бағаны табу үшін $:74^\circ/6=12+2=13$ шығыс бойлықта орналасқандықтан, 30 бағананы қосамыз. $13+30=43$ Бағана нөмірі – 43,

Кесте 1-Омск қаласының миллиондық карта номенклатурасы-N-43

Белдеу шекарасы, 0°	0	4	8	1	1	2	2	2	3	3	4	4	4	5	5	60	6	6	7	7	8	8	8
	4	8	1	2	6	0	4	8	2	6	0	4	8	2	6	64	4	8	2	6	0	4	8
			2	1	2	2	2	3	3	4	4	4	5	5	6		6	7	7	8	8	8	9
				6	0	4	8	2	6	0	4	8	2	6	0		8	2	6	0	4	8	0
Белдеу №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	1	1	1	1	1	1	16	1	1	1	2	2	2	
										0	1	2	3	4	5		7	8	9	0	1	2	
Алфавит	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q	R	S	T	U	V	Z

2) 1:500000 картаға жіктейміз. 1:1000000 масштабтағы картаның бетін ендік бойынша 2° -ты, бойлық бойынша 3° -ты 4 бөліктерге орта меридианмен және орта параллельмен бөлсек, 1:500000 масштабтық картаның жіктелуі шығады. Беттері орыс алфавитінің бас -А, Б, В, Г деп белгіленеді және олардың толық номенклатурасы миллиондық карта атауы мен керекті орыс әрпінен тұрады [4] **Омск қаласы N-43-A**

3) 1:200000 картаның жиек сызықтарын табу үшін миллиондық картаны 1° сайын меридианмен, 40° сайын параллельмен 36 бөлікке бөлсе, 6 беттегі 6 қатар болады. Беттер I-XXXVI-ға дейін рим сандарымен белгіленеді. Номенклатурасын табу үшін миллиондық картаның номенклатурасын керекті номерін қосу керек [5]. **Омск қаласы номенклатурасы-N-43-IX.**

4) 1:100000 жіктелу негізінде де миллиондық карта жатыр. Оны меридиандармен 30° сайын және параллельдермен 20° сайын 144 бөлікке бөледі. Номерлері 1-ден 144-ке дейін солдан-оңға және

жоғарыдан-төменге қарай есептеледі.Миллиондық карта номенклатурасына керекті араб санын қосады.**Омск қаласы номенклатурасы-N-43-28.**

5) 1:100000 картаны ендік бойынша 10 сайын,бойлық бойынша 15 сайын орта меридианмен және орта параллельмен 4-ке бөлсек,1:50000 картаның номенклатурасын табамыз.Беттер орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді-А,Б,В,Г. **Омск қаласы номенклатурасы-N-43-28-Г.**

6) 1:50000 картаны ендік бойынша 5 сайын,бойлық бойынша 730 орта меридианмен және орта параллельмен 4-ке бөлсек ,1:25000 картаның номенклатурасын табамыз[6].Беттер орыс алфавитінің кіші әріптерімен белгіленеді. **Омск қаласы номенклатурасы-N-43-28-Г-г**

7) 1:25000 картаны ендік бойынша 230,бойлық бойынша 345,орта меридианмен және орта параллельмен 4-ке бөлсек,1:10000 картаның номенклатурасын табамыз.Беттер араб сандары 1,2,3,4 белгіленеді[7].

Омск қаласы номенклатурасы-N-43-28-Г-г-4.

Үйге тапсырма: Әрбір студентке ірі қалалардың топографиялық карта номенклатурасын есептеуге арналған жеке тапсырмалар беріледі.

1. Грюнберг Г.Ю.,Лапкина Н.А.*Картография с основами топографии.*-М.:Просвещение,1991.-С.21-23.

2. Гедымин И.В.*Практикум по картографии с основами топографии.*-М.:Просвещение,1991.-С.15-19.

3. Уварова А.К.,Мазбаев О.Б.*Топография негіздері және жергілікті жерді бағдарлау:Оқу құралы .-Алматы,2004.-Б.12-15.*

4. Фокина Л.А.*Картография основами топографии.*-М.,2005.-С.137-142.

5. Түсіпбекова Г.Т.*Топография негіздері.*-Алматы,2007.-Б.7-12

6. Чурилова Е.А.*Картография с основами топографии.*-М.,2004.-С.35-40

7. Лапкина Н.А.*Практические работы по картографии.*-М.,1974.-С.15-19.

Резюме

В статье проанализированы методические подходы к проведению практических занятий по дисциплине «Картография с основами топографии»со студентами первого курса.Даны цель задачи курса согласно рабочей программе дисциплины.Приведен перечень требований к знаниям и умениям студентовпо дисциплине.Даны методические рекомендации по выполнению практических работ на примере темы «Номенклатура топографических работ».

Summary

In this article pronalized methodical approaches spends practical lessons «Cartography and topography»with students the first courses.The according to discipline working programmed gives purpose and problems courses.The gives by knowledge students on discipline.Methodical recommends on execution practical lesson for example theme: «Nomenclatures topography works».

ЕМДІК ТУРИЗМНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТУРИЗМІНІҢ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Д.Ж. Кәрімов -

*«Туризм» кафедрасының оқытушысы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық
Университеті*

Қазіргі таңда емдік туризмнің деңгейі төмендеп барады. Негізінде осы жағдай ТМД елдеріне тән болып отыр. Оған қарамастан санаториялық-емдік рекреациялық орындар ішкі және халықаралық туризмнің негізгі факторларының бірі болып қала бермек.

Осыған байланысты санаториялық-емдік рекреация бұл - туризмнің Еуропалық түрі. Өкінішке орай жер шарының басқа бөліктерінде аса қатты дамымаған. Ал Америка Құрама Штатында емдік туризмнің өте көп бағытта таралмаған түрі болып келеді.

Соңғы кезде тау шаңғысының курорттары даму үстінде. Олар мынандай табиғат факторларына тән: қар жамылғысының көптігін жылына 3 айға дейін биіктігі 50-60 см болуын қадағалайды. Сонымен бірге жайлы климаттық жағдай әлсіз немесе белсенді түрде бөлшектелген рельефтер жартасы мен орташа температурасы 17°, қар көшкінінен сақтану шараларын қарастырады.

Республикамызда емдік батпақтың негізгі түрі сульфидті (құрамы - 60 млн м) дейін жетеді. Сонымен қатар теңіздік теңіз жағалауы бойы түрлері кездеседі, бірақ Арал теңізінің суының тартылуына байланысты кей біреуі құрамындағы байлықтарын жоғалтқан.

Қазіргі заманғы туризм классификациясында (саралануы) емдік туризм басты рөлді қамтып отыр. Туризмдегі қоғамдағы функция мен өндірісті шығару технологиясының негізін 3 топқа бөлеміз олар: емдік, спорттық - сауықтыру, және де танымдық туризм болып саналады. Осы формаларды назарға ала отырып туризм классификациясын класқа, типке, түрге, және әр түрлілігіне бөлуге болады.

Рекреация - бұл адам баласы өзінің бос уақытын танымдық сауықтыру спорттық және мәдени-көңіл көтеру іс-шараларын өткізу мен шектелмейді және осы шаралар бір күндік, апталық, жылдық сонымен қатар өмірлік циклдерді жүзеге асыру мақсатында орындалады [1].

Адам өзіне бірнеше рекреациялық аспектілерді біріктіре алады. Олар: медико-биологиялық, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси және экологиялық болып бөлінеді.

Рекреациялық аспектілердің маңыздылары мыналар болып табылады. Олар медико-биологиялық құрамдардан тұрады:

1. Осы ауруға шалдыққан денсаулығын қалпына келтіруге курортология әдісімен емдік процестің аяқталуын күтетін зиялы қауым;

2. Дені сауыққан адамдардың шаршағанын басатын аурудың әдістемесінде және кәсіби маман ретінде қабылдауға болады.

Туризм арқылы сауығу - бұл адамның өндірістік және өндірістік емес психологиялық жағынан шаршауын кетіре алады. Дені сау адамның жұмыстағы және үй шаруашылығындағы ауыртпашылықтан шаршауы адамның жұмыс істеу қабілетін төмендетіп жібереді.

Орындалып жатқан жұмыстың талпынысына қарай отырып оннан екі түрлі шаршау белгілерін анықтауға болады Олар: интенсивті және тәулік бойы жұмыс істеу барысында функционалды потенциалдың төмендеуі салдарынан жүйке жүйесі орталығының және жұмыс істейтін ағзаның тежелуіне әкеліп соғады. Осы орайда жұмыстық қабілеті дереу қалпына келеді.

Ең аз деген интенсивті ұзақ жұмыста функционалды потенциалдың әлсіреу тереңдігі күрделеніп жұмыс бабына ұзақ мерзімдей дайындалады [2]

Физиологиялық өзгерістердің болуын қадағалау мақсатында еңбегі демалысқа ауысуы керек.

Рекреациялық әрекеттің қасиеті адам шаршауын басатын және оның белсенділігін арттыратындығы. Белсенді қасиеттің қалпына келу процесінде пассивті демалысқа қарағанда өтуі анық байқалады. Келесі бір түрі ағзаның жасына қарай әр түрлі рекреациялық қасиеттердің түрлеріне тәуелді болуы керек.

Мысалы: Балалар рекреациялық қасиеттің хал-ахуалынан әр түрлі әсер алу мақсатында салмақтың физиологиялық және психологиялық жасының негізінде ауыр болуы ғажап емес,

Жорық барысында тәулік бойы ауыр салмақтан күшті әсер алуы жасөспірімдер жасына байланысты.

Орташа жас пен жасы келген адамдардың салмақты көтеруі бірдей болуы керек және тыныштық калпында өтуі тиіс.

Осыған орай әрбір жасқа арнайы цикл тәрбие мақсатында жүргізіледі.

Емдік сауықтыру туризмінің түсінігі И.В.Зориннің және В.А.Квартальнов анықтаулары бойынша:

• Біріншіден емдік және демалу мақсатындағы туризм;

• Екіншіден жалақылары төмен тұрғындардың туристік саяхатында тұрмыстық жағдайы нашар, әлеуметтік жағынан қорғалмаған емделу мен рекреациядан өтуді қажет ететін адамдар саны.

Демалу зонасы мен қала сыртына жақын орналасқан қолайлы жағдайы және (орманды массивті өзен-көлдері) тек демалуға арналған деп анықтамалар береді.

Курорттық орындар: жанға жайлы табиғи факторлары мен денсаулықты қалпына келтіру үшін профилактикалық ауруларды емдеуге арналған.

Курорттық емделу: адам денсаулығын бастапқы қалпына келтіру процесінде әр түрлі курорттық ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Емдік рекреация: ол өзінің негізгі емделу факторлары мен көзге түседі, климат минералды бұлақтар емдік батпақтар т.б.

Осыған орай ол 3 топқа бөлінеді. Климаттық емдеу, бальнеологиялық емдеу, және батпақпен емдеу. Емдік-курорттық рекреацияның мақсаты медико-биологиялық нормаларға қатаң түрде сай болуы.

Адамды емдеуге бөлініп алынған курортологиялық территориялар қатаң түрде жинақталған қасиетіне тиісті болып келеді.

ТМД аумақтары табиғи ландшафталы курортты зоналарына сәйкес келесі типтерге бөліп қарастырған.

1. **Теңіз жағалауы бойы:**

Жерорта теңізінің климаты,

Жазық дала климаты,

Бетпақ дала климаты,

Салқын субтропиктік климат,

Жартылай Бетпақдала климаты,

Ауа-райының кеңістігі.

2. **Курорттық континентальді**

жазықтар

мыналардан

тұрады:

Ормандық қыратты зона,

Біркелкі белдеулерлерден,

Муссонды ормандардан,

Климаттық ауа-райы кеңістігінен,

Жазықты және орман жазықты субтропиктік ормандардан,

Жартылай Бетпақ Далалардан тұрады.

3. **Таулы курорттар мыналардан құралған:**

Тау етегі аласа таулар (теңіз деңгейінен 500-1000 м биіктікте),

Орташа таулы төменгі белдеудегі (1000-1500 м биіктікте),

Орташа таулы жоғарғы белдеудегі (1500-2000 м биіктікте),

Биік таулар (2000 м жоғары).


Қазіргі заманғы курортология бойынша белгіленген факторлардың механизмінің географиялық ортаға әсері адамзатқа мәлім.

Құрамы мен қасиеті бойынша кеңінен таралған әр түрлі қоспалардан тұратын ағзаға әсері мол минералды су емдік батпақ және жайлы климаттық жағдайы көптеген аудандарда курорттық орталықтардың ашылуына негіз болды.

Қолға алынатын мақсаттарға байланысты туристік саяхаттағы туризм мынадай түрлерге бөлінеді. а) рекреациялық туризм ә) экскурсиялық туризм б) арнайы туризм Рекреациялық туризм өзіне емделу мен сауықтану саяхатын қосады. Ол мынандай бөліктерден құралады курорттық емделу оның ішіне климаттық емделу, бальнеологиялық емделу, қымызбен емделу және батпақпен емделу, спорттық сауықтыру және оның құрамына пансионаттар демалыс үйіндегі сауықтану және де спорттық жорықтардағы болып бөлінеді (**1 - кесте**).

Сонымен қатар климаттық емделу туризмі мынадай түрлерге бөлінеді Олар: талассотерапия (теңіз климаты мен шомылу және күнге қыздырыну мен емделу) гелиотерапия (күн ваннасы), аэротерапия (ауа ваннасы).

Кесте 1 - Қазіргі заманғы туризм классификациясының емдік туризмдегі орны



(Авторы Ердаулетов С.Р. мағлұматтары арқылы құрастырылған) [3].

1. Мироненко Н.С., Твердохлебов И.Т. Рекреациялық география, - М.: Мәскеу Университетінің баспасы, 1981. - Б. 207.

2. Рекреациялық географияның теориялық негізі. //редакциялық коллегия И.П. Герасимов пен В.С. Преображенский – М.:Ғылым, 1975. - Б. 221.

3. Ердаулетов С.Р. Туризм географиясы: тарихы теориясы колдану әдісі практикасы. - Алматы: Атамұра, 2000. - Б. 336.

Резюме

Развитие лечебного туризма в Казахстане на сегодняшний день является одним из актуальных вопросов. Поэтому в данной статье дана полная информация о рекреационных ресурсах. Лечебный туризм занимает особую роль в классификации туризма.

Summary

At present development of health tourism is one of the actual issues in Kazakhstan. Therefore full information about recreationak resources is given in this article. Health tourism plays an important role in classificanion of tourism.

УДК 504.54.05:911.2(574.52)

ДОПРОМЫШЛЕННЫЙ ЭТАП ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ПРИРОДЫ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

С. С.Амандосова -

кандидат географических наук, г. Тараз

Опыт геоэкологических исследований показывает, что антропогенные изменения в природной подсистеме весьма неоднозначны и зависят от интенсивности, продолжительности и характера взаимодействий. При незначительных, локальных или на начальных стадиях хозяйственных воздействий ландшафтная структура Жамбылской области усложняется и становится более разнообразной, мозаичной, по сравнению с исходной, обогащаясь экотонными модифицированными геокомплексами. При средних значениях антропогенной нагрузки модифицированные геосистемы часто более продуктивны и устойчивы по сравнению с естественными, так как лучше адаптированы к воздействиям, однако для них характерны более сильные флуктуации при экстремальных значениях внешней среды.

С увеличением технологических нагрузок происходит разрушение наименее устойчивых элементов геокомплексов, сглаживаются различия между близкими геосистемами, резко снижаются их разнообразие и устойчивость, упрощается структура природной подсистемы Жамбылской области, меняется норма реакции на изменения среды, границы между оставшимися геокомплексами становятся более резким, возрастают градиенты и интенсивность латеральных потоков. В связи с этим неотъемлемой частью исследования причин формирования современной геоэкологической ситуации в регионе является анализ основных проявлений антропогенеза на разных исторических этапах развития Жамбылской области.

Допромышленный этап (древний период-1946 г. XX в.):

Расположение территории Каратау-Жамбылской ПХС на важных путях, по которым осуществлялись распространение Центральной Азии и Ирана с Китаем и Сибирью, обусловило ее раннее заселение и освоение. Раскопки курганов на северном склоне Каратау, у подножья Кыргызского Алатау и других районах указывают, что в I-III вв. до н.э. на большей части территории жили усунь, а к северо-западу от них, по предгорьям Каратау-кангюйцы, занимавшиеся преимущественно скотоводством (разведение лошадей, овец, верблюдов). На местах зимних стойбищ в долине Таласа имелись посевы, были развиты домашние промыслы – изготовление глиняной посуды, керамических изделий, тканей, обработка кожи и дерева. Существенных изменений в это время в экологической ситуации региона не отмечено.

В VI-VII вв. Через регион проходили торговые пути из Западной Европы в Восточную Азию, причем наибольшее значение имел «шелковый путь». Соединявший Центральную Азию и Китай с Визанией и Передней Азией и проходивший у подножия хребтов и по долинам крупных рек.

На «шелковом пути» в пределах региона в VI-VII вв. сформировались несколько довольно крупных городов. Самым крупным был г. Тараз, возникший у пересечения «шелкового пути» и Таласа. До XII в. он был политическим, экономическим и культурным центром всего региона. Археологические раскопки подтверждают, что главным занятием населения были торговля и ремесла. Населенные пункты, возникавшие вдоль торгового пути в предгорьях, имели вначале торгово-транспортное и военное значение, а в дальнейшем вокруг них появились сельские поселения, развилось орошаемое земледелие, что способствовало изменению почвенно-растительного покрова и узлокальному проявлению негативных процессов: засоление, заболачивание и водная эрозия.

В VI-XII вв. в долине р. Талас довольно быстрыми темпами развивалось земледелие. На орошаемых землях возделывались зерновые и баччевые культуры, развивалось садоводство и виноградарство. По мере развития земледелия и оседания части кочевников возникали сельские населенные пункты. В долине р. Талас и предгорьях Каратау, были распространены полуседлые поселения скотоводов из юртообразных глиняных строений, обнесенных стеной из камня, за которой содержался скот.

Таблица 1 – Исторические этапы формирования геоэкологической ситуации в Жамбылской области [составила С.С. Амандосова]

Исторические этапы, годы	Основные проявления антропогенеза	Экологические последствия
Допромышленный этап, Древний период-1946г. XXв.	Древняя и средневековая городская культура (Тараз), развитие орошаемого земледелия и оседлых аулов в XI-I пол. XX в.	Изменение режима поверхностных и грунтовых вод, растительного и почвенного покрова; стимулирование ряда негативных процессов-засоления, ветровой и водной эрозии, деградации растительности
Этап промышленного освоения, 1946-1970гг. XX в.	Формирование нескольких промзон (Жамбул, Чулактау, Жанатас) с элементами вспомогательных, сопутствующих и производств, очагами селитбы связанными с инфраструктурой территории и зон диффузного, побочного влияния хозяйственной деятельности (в северной части региона); интенсификация сельскохозяйственного и промышленного производства, создание условий для увеличения и активного роста численности населения	Изменение рельефа, расчленение его сетью дорог, дальнейшая трансформация режима поверхностных и грунтовых вод, сведение растительного покрова; развитие негативных процессов-засоления, подтопления, ветровой и водной эрозии, деградации растительности
Этап формирования Жамбылской области, 1970-1990 гг. XX в.	Расширение ареалов влияния промзон на прилегающую территорию; интенсивная трансформация природной подсистемы	Загрязнение поверхностных и подземных вод, атмосферного воздуха и почв, появление очагов непригодных для хозяйственного использования земель
Современный этап формирования Жамбылской области, 1970 гг.-наше время	Очагово-линейный характер концентрированной антропогенной нагрузки, определяемый сложившейся пространственной структурой промышленных объектов, сельскохозяйственных формарований и инфраструктурной сети	Потеря устойчивости геосистем к нарушающему воздействию, неотложность проведения природоохранных мероприятий

Постепенно эти ограды-убежища приобретали характер оседлых селений. К такому типу долине относились и зимовки-кыстаки, размещавшиеся по берегам рек и озер, вблизи колодцев, в предгорьях. В период, предшествовавший нашествию монголов, междуречье Шу и Талас представляло собой густо населенную территорию. По свидетельству Сюань Цзяня, здесь насчитывалось около 300 сельских поселений, многие из которых носили торгово-ремесленных характер. По всей Таласской долине разбросаны небольшие холмы-«тепе»-остатки бывших поселков или феодальных замков. Вокруг городищ сохранились развалины военных крепостей - рабатов, которые предназначались для защиты населения от набегов кочевников. Древние города и сельские поселения существовали и к северу от Каратау (Саудагент вблизи пос. Байкадам).

Земледелие в предгорьях и долинах крупных рек на равнине было в основном поливное, преобладало садоводство, виноградарство и шелководство. В урочище Тогандысай сохранились остатки довольно крупных оросительных каналов (таганов). В это время в регионе отмечается локальное изменение режима поверхностных и грунтовых вод, растительного и почвенного покрова; стимулирование в пределах орошаемых земель негативных процессов – засоления, ветровой и водной эрозии деградации растительности.

К середине XIX. Большая часть территории входила в состав Кокандского хандства, основавшего крепости Аулие-Ата и Мерке, вблизи которых возникло несколько крупных узбекских селений (кишлаков). Эти крепости и кишлаки с окружавшими их сельскохозяйственными угодьями являлись

немногими торгово-земледельческими оазисами на всей территории, занятой кочевниками–казахами. Сеяли пшеницу, ячмень, просо, рис, кунак, кукурузу, джугару, маш, из технических культур–хлопчатник, в небольшом количестве – лен, горчицу, подсолнечник (на масло); на огородах и бахчах выращивали лук, морковь, дыни, арбузы и тыквы; занимались виноградарством, шелководством и садоводством (выращивали яблоки, груши, вишни, урюк, персики, алычу и др.); животноводство большого значения не имело. Основное население составляли казахи-кочевники, которых было много в низовьях Шу, где кочевало около 16 тыс. Хозяйств. Казахи проходили здесь зиму, жили в юртах, которые ставили под защитой камышовых зарослей или песчаных холмов. На лето откочевывали на север с Сары-Арку. Экономические слабые хозяйства оттеснялись в пески, где оставались большую часть года, устраивая постоянные жилища в виде глинобитных землянок или юрт вблизи озера или колодца в чурочной полосе. Земледелием занимались мало и неумело – сеяли просо, люцерну, разводили бахчи; посеvy увлажнялись за счет почвы близкими грунтовыми водами.

Меньше зимовок было в горных районах, где они размещались преимущественно в межгорных долинах. На плоскогорьях Каратау строили дома из камня, глины и арчи. Для полива посевов люцерны, пшеницы или ячменя выводили арыки из родников; имелись и богарные посеvy, на которых отмечались засоление или ветровая эрозия. Тип хозяйства был полуседельный, поэтому негативное антропогенное воздействие имело локальное проявление. Зажиточные семьи зимовали в предгорьях, располагая свои жилища при выходе рек на равнину. Здесь же находились их посеvy зерновых. На лето скот отгоняли в горы на жайлау, зимой его сдавали на выпас зимующим в песках казахам.

Последующее время ознаменовалось распространением русского, украинского и дунганского населения на территории региона, освоением новых участков земель для сельскохозяйственных целей и расширением ареалов трансформации почвенно-растительного покрова.

В середине XIX в. было завершено присоединение региона к Царской России, в чем решающую роль сыграл разгром кокандских войск русским военным отрядом под командованием Колпаковского в ур. Узынагаш в 1860 г. В начале 60-х гг. XIX в. усиливается борьба Англии и России за Центральную Азию. Весной 1864 г. царское правительство послало Коканда военный отряд и вскоре удалось взять крепости Мерке и Аулие-Ата. В 1867 г. на основании «Временного положения об управлении в Семиреченской и Сыр-Дарьинской областях» большая часть территории современной Жамбылской области вошла в состав вновь образованной Сыр-Дарьинской области, ее северная часть в 1868 г. была присоединена к Акмолинской и Семипалатинской областям. Аулие-Ата становится административным центром одноименного уезда. В 1869 г. царская администрация направила в Аулие-Атинский уезд избыток переселенцев из Семиречья, однако, первое русское крестьянское поселение Михайловское (бывш. Сары-Комар) возникло только в 1875 г. За период 1878-1887 гг. вдоль тракта, ведущего от ст. Кабулсап на г. Верный (Алматы), появилось более 20 русских поселений – Головачевка, Гродеково, Ровное, Подгорное, Луговое, Каменка, Кузьминка, Воскресеновка, Георгиевка и др. Этот процесс стимулировал сконцентрированное локальное воздействие на все компоненты естественных геосистем, вызывая их изменение.

В первом десятилетии XX в. началась вторая волна русской земледельческой колонизации, когда царское правительство решило освоить под сельское хозяйство долину Шу и начало проводить здесь ирригационные работы. Одновременно, несколько поселений появилось в долине Таласа и на склонах Кыргызского Алатау. В 80-х гг. регионе поселились дунгане. Которые занимались главным образом поливным земледелием, сея зерновые культуры, в том числе рис, были искусными огородниками (с их приходом начали выращивать сладкий горох, баклажаны, чеснок, дунганские огурцы и другие овощи). Дунгане-горожане занимались ремеслами и торговлей.

1. *Системные исследования в географии.*-М.;Наука, 1984.- С. 117
2. *Тикунов В.С. Классификации в географии.* – М.; Смоленск: Изд-во Смоленского гуманитарного университета, 1997.-С. 367
3. *Виноградов Б.В. Концепция ландшафтной экологии.*// Вестник МГУ. Сер.5, География. – 1994. - № 6.-С. 12-26.
4. *Аболин Р.И. Естественно-историческое районирование Средней Азии.*- Ташкент, 1930.- С. 112.
5. *Кноринг фон О.Э., Минквиц фон З.А. Растительность Аулие-Атинского уезда Сыр-Дарьинской области.*// Труды почво-ботанической экспедиции по исследованию колонизированных районов Азиатской России. Ч. 2: Ботанические исследования. 1909.- СПб.,- 1913- Вып. 6.- С. 230-256.

Түйін

Бұл мақалада Жамбыл облысы табиғаттың өндірістік игеруге дейінгі жағдайына кешенді баға берілген. Сонымен қатар, облыстың геоэкологиялық жағдайының қалыптасуының тарихи кезеңдері жіктеліп, негізгі антропогенездің нәтижесіне талдау жасалынған.

Summary

This article to consider industrial education of nature the Jambul region. The experience geocological investigation to consider of nature systems is impossible.

УДК 911.2.574.9

Анализ взаимосвязей биопродуктивности ландшафтом лепсинской макрогеосистемы

Т.А.Базарбаева -

преподаватель КазНУ им. аль-Фараби г. Алматы

Для ландшафтом Лепсинской макрогеосистемы изучение н биопродуктивности осуществлялось на основе выборки наиболее типичных ландшафтов с помощью модели многомерной статистики-компонентного анализа [1]. В качестве исходных параметров выбирались численные значения энергетических и влажностных характеристик ландшафтов- суммарная солнечная радиация (*СумСолРад*), среднегодовое количества осадков(*КолОсадк*), слой стока (*СлСт*), увлажнения(*КэфУвл*), коэффициент вариации стока (*КэфВарСт*), водообеспеченность (*Водообеспеч*), мутность речных вод (*МутРечВод*), максимальный и минимальный речной сток (*МакРечСт*, *МинРечСт*), биопродуктивность (*Биопр*) принималась в качестве зависимой переменной от перечисленных характеристик через уравнение регрессии на главных компанентах. Из исходных данных ввиду неполноты определений были исключены параметры, характеризующие состояние подземных вод. Полученные в результате обработки исходных на признаки проводятся в таблице 1.

Таблица 1- Матрица компонентных нагрузок для многомерной статической модели ландшафтов Лепсинской макрогеосистемы (цветом показаны нагрузки ниже статически значимых)

Характеристики ландшафтов	Компонентные нагрузки на характеристики ландшафтов									
	ГК1	ГК2	ГК3	ГК4	ГК5	ГК6	ГК7	ГК8	ГК9	ГК10
<i>СлСт</i>	0,875	0,248	-0,220	0,298	-0,161	-0,015	0,057	-0,073	-0,018	-0,020
<i>Биопрод</i>	0,463	0,483	0,732	0,109	-0,048	-0,033	-0,008	0,025	0,004	0,001
<i>СумСолРад</i>	-0,929	0,216	-0,017	0,152	-0,064	0,251	-0,005	0,019	-0,008	0,005
<i>КолОсад</i>	0,974	0,093	-0,154	0,112	0,010	0,007	-0,012	0,006	0,002	0,083
<i>КэфУвл</i>	0,926	0,121	-0,293	0,159	0,001	-0,015	0,009	0,121	-0,018	-0,027
<i>КэфВарСт</i>	-0,972	0,024	-0,095	0,129	-0,094	-0,069	0,048	0,033	0,111	0,010
<i>Водообесп</i>	0,354	-0,809	0,269	0,383	-0,022	0,028	-0,008	0,006	0,002	-0,001
<i>МутРечВод</i>	-0,822	0,273	-0,086	0,445	0,200	0,055	-0,036	-0,026	-0,004	-0,005
<i>МакРечСт</i>	0,967	0,030	0,078	-0,037	0,183	0,094	0,107	-0,007	0,046	-0,010
<i>МинРечСт</i>	0,982	0,064	-0,075	-0,036	-0,003	0,057	-0,117	-0,033	0,082	-0,020

Как видно из талицы 1, начиная с ГК5 все нагрузки в компонентах оказываются незначимыми, что проявляет через уменьшение вклада компоненты в суммарную дисперсию. Исходя из этих соображений, нет смысла рассматривать компоненты, начиная с пятой, поскольку на все шесть компонент приходится около 3% суммарной дисперсии.

Ниже представлена запись вида компонент через сочетание характеристик ландшафтов при учете только статически значимых нагрузок:

ГК1 (73%): +[*МинРечСт*, *КолОсад*, *МакРечСт*, *КэфУвл*, *СлСт*, *Биопрод*, *Водообесп*], [*КэфВарСт*, *СумСолРад*, *МутРечВод*] ;

ГК2 (11%): + [Биопрод, (МутРечВод)], -[Водообесп]

ГК3 (8%): + [Биопрод, (Водообесп)], -[КоэфУвл]

ГК4 (5%): + [МутРечВод, Водообесп, СлСт]

Матрица значений четырех первых главных компонент, которые объясняют 97% суммарной дисперсии системы, представлена в таблице 2. Для проверки многомерного распределение снова воспользуемся приемом [2-4] построения графиков распределения значений компонент в пространстве ГК1 иГК2 (рис. 4). Эти компоненты отражают в сумме 84% суммарной дисперсии признаков. Как видно из рисунка, на точечном на графике можно выделить несколько групп ландшафтов, имеющих более тесную связь между собой, чем с остальными группами. Так, в первую группу (в области отрицательных значений ГК1 и больших положительных значений ГК2) выделились ландшафты 44, 46, 48, 49.

Таблица 2- Матрица значений компонент для многомерной статической модели ландшафтов Лепсинской макрогеосистемы

Номер ландшафта	Значения главных компонент				Номер ландшафта	Значения главных компонент			
	ГК1	ГК2	ГК3	ГК4		ГК1	ГК2	ГК3	ГК4
53	2,523	0,332	-4,150	0,967	9	-0,375	-1,343	0,127	0,089
77	2,348	1,544	0,535	1,776	11	-0,446	-1,130	-0,069	0,829
55	1,833	0,505	1,011	0,107	10	-0,526	-0,891	0,561	1,352
67	1,579	-0,421	-0,091	0,009	41	-0,528	0,789	0,458	0,244
68	1,538	-0,335	0,131	-0,302	35	-0,710	0,909	0,458	0,372
111	1,211	0,194	0,670	-0,338	45	-0,768	0,350	-0,230	0,490
112	1,218	1,049	2,986	0,127	51	-0,766	-0,021	-0,318	0,588
110	0,691	-0,881	1,110	-0,922	50	-0,736	-0,756	-0,591	0,796
109	0,574	-1,143	0,482	-0,909	41	-0,735	-0,447	-0,448	0,780
105	0,346	-1,052	-0,010	-0,985	42	-0,731	-0,324	-0,156	0,826
36	0,151	-0,101	-0,151	-2,099	43	-0,734	-0,639	-0,537	0,803
37	-0,021	-0,364	-0,224	-1,846	44	-0,854	1,932	-0,421	-0,948
38	-0,151	-0,524	-0,209	-1,632	46	-0,838	2,080	-0,031	-0,916
40	-0,353	-0,599	-0,377	-1,230	50	-0,724	-0,293	1,075	1,760
39	-0,336	-0,311	0,035	-0,838	47	-0,816	-0,361	0,402	1,836
116	-0,386	-0,979	-0,389	-0,380	48	-1,005	2,123	-0,573	-0,228
115	-0,461	-0,987	-0,392	0,073	49	-1,012	2,075	-0,674	-0,251





Рисунок 1- График распределение значений ГК1 и ГК2 для задачи по Лепсинской макрогеосистеме

Основную центральную группу 2 составили ландшафты 35, 41, 42, 45, 47, 50, 51, 9, 10, 11, 36, 37, 38, 39, 40, 43, 116. В третью группу вошли ландшафты 67, 68, 53, 55, 77, 111, 112. Промежуточное положение между второй и третьей группой занимает подгруппа ландшафтов 105, 109, 110. Анализ ландшафтов, попавших в эти группы проведем на основе легенды ландшафтной карты. В первую группу попали ландшафты, отнесенные к пустынным ландшафтам, расположенным на равнинах эоловых (12-44) – это ландшафт 44, пустынным ландшафтам мелкосопочных равнин (45-51) – ландшафты 46, 48, 49. В центральную группу – пустынные делювиально-пролювиальные ландшафты 9, 10, 11 (8-11); 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 – пустынные ландшафтам мелкосопочных равнин (12-44); 45, 47, 50, 51 – пустынные ландшафты мелкосопочных равнин (45-51); а 116 – пустынный низкогорный ландшафт (115-116). Ландшафты третьей группы; 53 – горный ландшафт (52-54), 55 – лесной низкогорный ландшафт (55); 67, 68 – пустынные низкогорные ландшафты (59-68); 111, 112 – пустынные предгорные ландшафты (103-114). Промежуточная подгруппа из ландшафтов 105, 109, 110 также относится к пустынным предгорным ландшафтам (103-114). Таким образом, как и в задаче по Караталу, прием построения графика распределения значений компонент в пространстве 1 и 2 главных компонент четко отразил геоморфологический фактор формирования ландшафтов, однако здесь отмечается большее влияние пустынных ландшафтов. Как и ранее, внутри выделенных групп точек можно выделить более мелкие группы, отражающие еще большую взаимосвязь. Понятно, что чем более мелкие группы мы будем рассматривать, тем более тесные взаимосвязи между ними окажутся, и тем более локальные закономерности формирования мы сможем выявить. И наоборот, чем более разобщенные группы мы будем рассматривать вместе, тем более общие закономерности мы получим. Именно это мы и наблюдаем в нашем случае – мы получили самый общий фактор формирования ландшафтов, которые как раз и положен в основу их дифференциации, геоморфологический. Рассмотрим теперь этот фактор с позиции интерпретации выделившихся главных компонент. С позиций предметной интерпретации компонент можно отметить, что противоположность знаков нагрузок на исходных переменные свидетельствует о разной направленности воздействия изучаемого процесса на характеристики ландшафтов, выделенные моделью в одну компоненту. Полученные значения ГК также имеют и положительные и отрицательные значения, однако, здесь различие в знаках означает не разную направленность процесса, а разную интенсивность его проявления – положительные значения характеризуют области с более интенсивным его проявлением, чем отрицательные (при нулевом среднем).

В нашем случае нарушение в вид ГК1 вносит процесс опустынивания, что подтверждается и значимой положительной нагрузкой на признак водообеспеченности. Наложение дополнительного процесса сказалось и на форме тренда этой компоненты (рис. 2).



-◇-ГК1 ->-ГК2 ПКЗ ГК4 Логарифмический (ГК1)

Рисунок 2 – График изменения значений главных компонент для ландшафтов Лепсинской макроекосистемы

Диапазон значений этой компоненты довольно большой – от 2,523 до минус 1,012. Максимальные значения ГК1 >2 (см. табл. 2), как и следовало ожидать, имеют два ландшафта- 53, 77, относящиеся к горным ландшафтам (53) и ландшафтом внутриворонных и межгорных впадин (77). Резкое нарастание значений логарифмического уравнения тренда в этой области значений компоненты свидетельствует о значительном отличии условий формирования этих ландшафтов от всех остальных, преобладающими среди которых являются пустынные ландшафты. Высокое положительное значение ГК1 (1,833) имеет и лесной низкогорный ландшафт 55. Анализируя вышеизложенное, обнаруживаем, что близкую к статистически значимой положительной нагрузке имеет признак *МутРечВод*. Это означает, что значения ГК2 растут при росте биопродуктивности и мутности речных вод и при одновременном уменьшении водообеспеченности. С позиций формирования биопродуктивности, такое сочетание признаков в компоненте можно трактовать как прямую зависимость интенсивности нарастания биомассы при увеличении мутности речных вод и водности (с учетом того, что уменьшение водообеспеченности фактически означает рост видности, поскольку обеспеченность разницу между 100% и вероятностью стока с определенным расходом (водностью)). С позиций биопродуктивности эта компонентачетко отражает классическую географическую закономерность увеличения интенсивности нарастания биомассы в годы повышенной видности, т.е. компонента отражает нарастание биомассы за счет поверхностных вод и атмосферных осадков.

1. Андерсон Т. Введение в многомерный статический анализ. – М.: ГИФМЛ, 1963.-С.500.
2. Павличенко Л.М. многомерные статические модели в геоэкологии. – Алматы: ProServiceLTD, 2007. –С. 173.
3. Большев Л.Н., Смирнов Н.В. Таблицы математической статистики. –М.: Наука, 1983. – С.416.
4. Йереског К.Г., Клован Д.И., Реймент Р.А. Геологический факторный анализ. – Л.: Недра, 1980. – С. 223.

Түйін

Бұл мақалада Лепсі макрожүйесінің қарапайым ландшафтардың энергиялық және ылғалдылық сипаттамаларының компоненттік талдауының нәтижесі көрсетілген. Бұл талдаудың мақсаты ландшафтарға әсер ететін факторларды табу және олардыңбиоөнімділікпен байланысын көрсету. Лепсі макрогеожүйесінің негізгі ландшафтардың түрлігіне әсер ететін фактор – геоморфологиялық даму, ал биоөнімділікке төртінші басты компонента әсер етеді.

Summary

The results of the component analysis of power and wet characteristics of the most typical landscapes of the Lepsi makrogeosistem with the purpose of revealing factors of their formation and interrelations with bioproductivity are submitted in the article. Result of the analysis have shown that the basic regional factor of variety landscapes formation in the Lepsi makrogeosistem is geomorphologic one. The fourth main component describing the big intensity of bio-productivity in mountain and foothill areas gives intensity of bioproductivity.

ӘОЖ 371.382.(=512.122):796.5.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ ТУРИЗІМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА СИПАТТАМА

Н.С.Аманбаев -

«Елтану» кафедрасының оқытушысы, география магистрі,

Эльмира Мандхай -

«Туризм» кафедрасының оқытушысы, география магистрі,

Есен Калимбетов -

«Туризм» кафедрасының оқытушысы, экономика магистрі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Туризм - демалыспен, бос уақытпен, спортпен, сондай-ақ мәдениетпен және табиғатпен тілдесумен тікелей байланысты, жеке және ұжымдық толық жетілудің жолы ретінде жоспарлануы жеке тәжірибеге негізделуі тиіс қызмет.

Туризм - әлемдік экономикада басты рольдердің бірін атқарады. Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша ол әлемдік жалпы ұлттық өнімнің бір бөлігін, халықаралық инвестициялардың 11 пайызынан астамын, әлемдік өндірістегі әрбір 9-шы жұмысшы орнын қамтамасыз етеді. Қазіргі туризм индустриясы ірі жоғары табысты және жоғары деңгейде дамып жатқан халықаралық саудадағы қызмет көрсетулердің бірі. Халықаралық туризм әлемдік экспорт табысының 8 пайызын, экспорттағы қызмет көрсетулердің 37 пайызын алады. Ішкі туризмнен түскен табыс, табыс көлемі бойынша мұнай, мұнай өнімдерін және автомобиль экспорттаудан кейін үшінші орын алады. Қазіргі деңгейдегі жағдай жаңа мыңжылдықта да қала бермек. Ал, туризмнің өсуіне негізгі себеп болатын, ол туризм әлемдегі дәстүрлі аудандардан басқа, жаңа территориялардың пайда болуы. Осыған байланысты Қазақстанда әлемдік туристік нарықтағы өзінің орнын алып қалуға зор мүмкіншілігі бар.

1993 жылы Қазақстан Республикасы, дүниежүзілік туристік ұйымға нақты мүше болып кірді [1].

Қазақстанда қазіргі заманғы инфрақұрылым салаларының дамуына, соның ішінде туризмге үлкен мән беріледі. Туризм елдің тұтас өңірлерінің экономикасына белсенді ықпал етеді. Туризм саласында шаруашылығын жүргізуін субъектілердің құрылуы мен жұмыс істеуі жол көлігінің, халыққа сауда, мәдени, дәрігерлік қызмет көрсетудің дамуымен тығыз байланысты.

Біздің ғасырымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта басталған Ұлы Жібек жолының құрылуы мен дамуы Қазақстан ішкі туризмінің тарихи алғы шарттары болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы ішкі туристік қызметті реттеу мен халықтық тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз болып қаланды. Туризмнің тез және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық саласына және қоғамның әл-ауқатына күшті ықпалын назарға ала отырып, үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағдарламасында туризмді басты сала деп анықтады.

Қазіргі туризм - бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, орташа есеппен, бір шетелдік туристің беретін табысын алу үшін, шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік рынокқа шығару керек. Бұл ретте, шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды. Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту - ұзақ мерзімді, экономикалық тиімді болашақ.

Туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша, туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура н түрде месе жанамаэкономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Қазақстанда ішкі туризмнің дамуы үшін нормативтік-құқықтық база құрылды. 2001 жылдың маусымында "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" жаңа заң қабылданды. Ол Қазақстан Республикасы экономикасын бір саласы ретінде туристік қызметтің құқықтық,

экономиканың, әлеуметті және ұйымдастырушылық негізін айқындайды. Заңға сәйкес Қазақстандағы туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізі принциптері болып: туристік қызметке жәрдем беру және оның дамуына қолайлы жағдайлар жасау, туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау, сонымен қатар Қазақстан туризм үшін қолайлы ел туралы түсінікті қалыптастыру саналады [2].

1993 жылы Қазақстандағы туризм индустриясын дамытудың ұлттық бағдарламасы, 1997 жылғы «Жібек жолының тарихи орталықтарын жандандандыру. Түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, 1997-2000 жеке туризм инфрақұрылымын құру туралы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. 1997 жылы 2030 жылға дейінгі туризмді дамыту стратегиясы жасалды [3].

Қазіргі уақытта 2000-2015 жылдарға арналған туризмді дамыту жөніндегі республикалық бағдарламаның жобасы жасалған. Бұл бағдарламаның басты мақсаты республикада қазіргі заманға сай жоғары нәтижелі жеке бәсекеге қабілетті туристік немен құру, экономиканың қосалқы салаларын өркендету. Сонымен қатар ол Қазақстанның ішкі туристік бейнесін қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған.

Мемлекет Басшысының «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты халыққа Жолдауында туристік сектор шикізаттық емес саладағы ел экономикасының мамандауын анықтайтын мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған жеті кластерінің қатарында экономикалық басымдықтардың бірі болып белгіленді.

Қазақстанның мәдени-тарихи және демалыс зоналарын жетілдіру мен сақтауға, саланың ғылыми-әдістемелі қамтамасыз етілуіне, кадрларды дайындауға және қайта дайындауға үлкен мән бөлінетін болады.

Мақсаты. Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуы және жұмыс істеуі жол көлігін, сауданы, коммуналдық, тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуі дамытумен тығыз байланысты. Сөйтіп, туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда, неғұрлым пәрменді мультипликаторлық тиімділікке ие. Осындай көрсеткіштерге ие болып отырған туризм саласы Қазақстан Республикасында енді бой көтеріп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «мемлекеттің экономикасына валюталық кірістің көзі ретінде туризмді перспективті салалардың бірі» деп бірнеше рет атап өтті. Бірақ, бүгінгі таңда Қазақстанда туризм саласы қажетті әлемдік стандарттардан артта қалып отыр. Бұл бірқатар жағдайлармен анықталады, олар:

- туристік инфрақұрылымның әлі де дами қоймағандығы;
- шетел инвестициясын туризмге қызықтыратын қаржылық-кредиттік жүйенің жетілмегендігі;
- мемлекеттің көрікті орындарының және туристік жерлерінің шетелде жарнамаланбауы және жеткілікті насихатталмауы;
- туризм саласында жоғары квалификацияланған мамандардың аздығы;
- туризм индустриясын нарықтық бәсекелестікке сай құру үшін ұйымдастырушылық, инновациялық және экологиялық негіздің дамымағандығы, туризмнің ғылыми негізінің өңделмегендігі.

Туризм индустриясын үлкен көлемді бизнес негізінде дамытуды қалыптастыру және рекреациялық потенциалды, рационалды пайдалану «Қазақстан 2030» стратегиясын, «Қазақстан Республикасында туризмді дамыту концепциясы», «Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы» заңын және басқа да нормативті-құқықтық актілерін жүзеге асыру мақсатында бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды орталықазиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен халықты жұмыспен қамтуды, мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру.

Қойылған мақсаттарға сәйкес бірінші кезектегі міндеттер мыналар болып айқындалды:

- туризм инфрақұрылымын дамыту;
- туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құру;
- елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру;
- туристік әлеуетті арттыру;
- рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастыру.

Қазақстанның қазіргі экономикасында ішкі туризмнің ролі айқындалып келеді [4].

Астана, Алматы қалаларында, Атырау, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында сырттан келушілер барынша кең көлемі байқалады, бұл ретте іскерлік туризм басым. Көрсетілген қалаларда, сондай-ақ Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында неғұрлым сыртқа шығушылар туризмі дамыған.

Кесте 1 – Өндірілген өнім (жұмыстар мен қызметкөрсетулер) көлемі (млн. теңгеде)

	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.
БАРЛЫҒЫ	9055,0	22386,9	29944,0
оның ішінде:			
Туристік фирмалар	2926,2	3204,2	5028,0
Қысқа мерзімде тұруға арналған қонақ үйлер және басқа да орындар, оның ішінде:	2181,4	14530,7	17737,5
мейрамханалары бар қонақ үйлер	1547,5	12886,4	15927,0
мейрамханалары жоқ қонақ үйлер	524,4	1297,5	1533,3
жастар туристік лагерлері және таулы туристік базалар	33,5	41,4	57,7
кемпингтер	-	148,9	0,7
басқа да тұрғылықты жерлер	76,0	156,5	218,8

Қазақстанның оң туристік имиджін қалыптастыруға және туристік индустрияға инвестициялар тартуға Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің (ШИК) жұмыс тобы көп жәрдемін тигізеді, оның шеңберінде 2005 жылы ШИК жұмыс тобының мүдделі мүшелері қатарынан туризм жөніндегі шағын топ құрылды. Сонымен қатар 2006 жылдан бастап ШИК веб-сайтында «Қазақстандағы туризм» Интернет-парағын ашу туралы шешім қабылданды [5].

Бүгінде республика іс жүзінде туризмнің қолданыстағы барлық түрін ұсынып отыр. Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикада туризмді дамытудың іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдық, сондай-ақ шұғыл түрлері сияқты басым бағыттары айқындалды.

Елде әр түрлі туристік қызмет көрсетулерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалуда, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар әзірленіп, қабылданды. Қазақстан Республикасында туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға инвестициялар тарту үшін жағдайлар айқындалды.

Туризмді дамыту көлік инфрақұрылымын дамытумен тікелей байланысты. Елімізге туристер негізінен әуе көлігімен келеді. Ішкі туризм мақсатында көбінесе автожол көлігі пайдаланылады. Жыл сайын республикалық маңызы бар жолдар тізбесі толықтырылып, олардың құрамында ірі туристік объектілерге апаратын жолдар бар.

Сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм көлемін ұлғайтудың негізгі факторлары тармақталған көлік желісін дамыту және жолаушылар тасымалының барлық түрлерінің географиясын кеңейту болып табылады. Осыны ескере отырып, ұлттық тасымалдаушы - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы туризм саласындағы уәкілетті органның қолдауымен 2002 жылдан бастап Алматы-Тараз-Шымкент-Ташкент-Самарқанд-Үргеніш-Бішкек-Рыбачье-Алматы бағыты бойынша "Жібек жолы меруерті" мамандандырылған пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін іске асырады [5].

Болашақта Тегеранға дейін екінші кезеңді, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округы арқылы Пекинге дейін үшінші кезеңді жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қорыта келе Қазақстан Республикасының туризм бағытын дамыту үшін Республика көлемінде көптеген жұмыстар жасауды қажет етеді. Алда келе жатқан Астана және Алматы қалаларында өтетін қысқа олимпиадалық ойындар кезінде шет елдік туристерге қызмет көрсету саласының қызметін жақсартатын болсақ, олардан түсетін табыс көлемі де артатын еді. Тек олимпиадалық ойындар ғана емес сол секілді Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын шет елдік компаниялардың қызметкерлерінен де түсетін табыс есесінен кәсіптік туризм саласын дамытуға да болады. Ал Батыс Еуропа-Батыс Қытай тас жолының белгілі бір бөлігі Қазақстан Республикасының территориясынан өтетін болғандықтан, сол

жолдың бойында орналасқан елді-мекендерде қонақ үйлер салу, ойын-сауық орындарын салу арқылы да мемлекет бюджетіне қомақты қаржы түсіруге болады.

1.Ердаuletov C.P. География туризма: история, теория, методы, практика. - Алматы: Атамұра, 2000. - 336 с.

2.Яковлев Г. А. Экономика и статистика туризма: Учеб. пособие. - М., 2003.

3.Боголюбов В.С, Орловская В.П. Экономика туризма. - М.: Академия, 2005.

4.Квартальнов В.А. Туризм. -М.: Финансы и статистика, 2002.

5. «Қазақстан және оның өңірлері» (Статистикалық журнал). -Алматы, 2008. - 4 саны.

Резюме

В данной статье рассматриваются показатели развития мирового туризма и место туризма в ВВП. А также рассматривается современное состояние внутреннего туризма, темпы выполнения программ развития туризма в 2000-2015 годах в Республике Казахстан и строительство центров обслуживания для увеличения денежных поступлений от туризма.

Summary

In this article the indicator of development of world tourism are given and the role of tourism in GDP is described. Also, the present state of inner tourism, implementation of tourism development program of Kazakhstan for 2000-2015 years and construction of service centers for increasing the amount of income are reviewed.

УДК 631.461.7

ИССЛЕДОВАНИЕ ФАСФАТМОБИЛИЗУЮЩИХ БАКТЕРИЙ ПОЧВ ЮГА КАЗАХСТАНА

Р.Аипова, С.А. Айткельдиева, А.А. Курманбаев, О.Б. Тапалова –
ДГП «Институт микробиологии и вирусологии» РГП «ЦБИ» МОН РК г.Алматы.

Аннотация

*Из различных образцов почв были выделены фосфатмобилизующие микроорганизмы. Изучено их биологическая активность на проростках пшеницы. Выявлено их принадлежность к различным таксономическим родам бактерий: *Arthrobacter sp.*, *Aureobacterium sp.*, *Azotobacter sp.*, *Bacterium sp.*, *Bacillus sp.* Оценена фосфатмобилизующая активность выделенных штаммов.*

Ключевые слова: *почвы, фосфатмобилизующие бактерии, идентификация, подвижный фосфор.*

Фосфор второй по значению после азота важнейший элемент питания растений. Однако, в почве большая его часть, (до 99%) находится в нерастворимой, недоступной для питания растений форме. По этой причине в почве необходимо регулярно вносить минеральные фосфорные удобрения для получения высоких урожаев сельскохозяйственных культур. В то же время сразу после применения удобрения большая часть внесенного фосфора переходит в нерастворимую форму. Значительная часть почвенных фосфатов находится в слаборастворимых, малоподвижных, ограниченно доступных формах. Из этого общего содержания фосфорных удобрений только 5% доступны растениям /1/. Это требует постоянного дополнительного внесения фосфорных удобрений /2/.

С учетом роста потребностей в фосфоре и выходе добычи фосфора на максимум через 20 лет остро встает вопрос о рециклинге – частичном возвращении в оборот использованного фосфора, о сокращении его стока в океан и повторном использовании на сельскохозяйственных угодьях /3/.

С учетом надвигающегося фосфатного кризиса активизация микробиологических процессов фосфатмобилизации становится всё более оправданным. Фосфатмобилизующие микроорганизмы (ФММ) играют важную роль в фосфорном питании растений благодаря устойчивому использованию фосфатных удобрений. Показано что применение ФММ в полевых условиях увеличивает урожай растений /4/. В свою очередь, активность почв находится в зависимости от фосфатмобилизующих бактерий /5/.

Учитывая вышеописанное, целью нашего исследования была оценка биотехнологического потенциала выделенных нами фосфатмобилизующих бактерий.

МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ:

Объектом исследования служили микроорганизмы, выделенные из почв юга Казахстана. Образцы почв отбирали с соблюдением правил асептики и помещали в стерильные пергаментные пакеты /6/.

Бактерии, растворяющие ортофосфаты кальция выявляли на среде Муромцева /7/, соли вносили в сухо виде, что обеспечивало их постепенное взаимодействие по мере растворения. При этом по расчету на 1 л. Среды приходится 1,5 г. свежесажженного $\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$. Дополнительно добавлялся нистатин с целью подавления роста микромицетов, из расчета 500 тысяч единиц на 250 мл стерилизованной среды. Приготовленную таким образом питательную среду разливали по 25 мл в чашки Петри и после застывания агара засеивали поверхностно 0,1 мл почвенной суспензии из разведений 10^{-4} – 10^{-7} . Чашки инкубировали при 28°C в течении 3 – 9 суток. Учитывали колонии, вокруг которых имелись зоны растворения фосфата кальция.

Для оценки влияния фосфатмобилизующих микроорганизмов на прорастание семян, в качестве объекта использовали семена пшеницы. Лабораторные исследования проводили по методу Schroth, Нансоок /8/. Поверхность семян стерилизовали 10% раствором гипохлорида натрия в течении 20 мин., после чего семена промывали 70% этанолом и трижды стерильной дистиллированной водой.

Исследуемые культуры микроорганизмов выращивали в колбах емкостью 250 мл, содержащих 100 мл среды для культивирования (мясо – пептонный бульон) при 28°C по достижении ими стационарной фазы роста (титр 1×10^6 кл/мл). Культуральную жидкость отделяли центрифугированием бактериальной суспензией в течении 10 мин при 5000 об/мин. Осадок представляющий собой бактериальную биомассу, трижды промывали физиологическим раствором, затем разводили стерильной дистиллированной водой. В каждом варианте для обработки семян использовали 10 мл испытываемого инокулята на 20 семян в течении 2 ч.

С соблюдением правил асептики инокулированные семена раскладывали на увлажненной фильтровальной бумаге в чашке Петри. В качестве контроля использовали семена, обработанные стерильной водой и стерильной средой, используемой для культивирования бактерий. Инкубацию проводили при 28°C .

Фосфатмобилизующую активность штаммов бактерий определяли на среде Новогрудского /9/.

В колбы со 100 мл среды вносили в количестве 1 % суспензию штаммов фосфатмобилизующих бактерий (ФМБ), затем колбы инкубировали на качалке в течение 14 суток на скорости 180 об/мин. Спустя 14 дней определяли количество подвижного фосфора в культуральной жидкости исследуемых культур колориметрическим методом по синему фосформолибденовому комплексу /10/. Массовую концентрацию действующего вещества в пересчете на PO_4^{3-} (мг/л) рассчитывали по формуле:

$$X = (1000 \times a) / (V \times 1000) \text{ мг/л} = 0,1 \times a \text{ (мг/л)}$$

где: а - содержание фосфат – ионов в пробе, определенное по градуировочному графику, мкг.

V – аликвота пробы препарата, (10 см³)

РЕЗУЛЬТАТЫ И ИХ ОБСУЖДЕНИЯ:

Форма нахождения соединений фосфора в почве зависит от окислительно-восстановительных условий среды. Основной составной частью минеральных фосфатов является трикальций фосфат (ортофосфат кальция). Во всех видах почв нашего исследования при использовании среды Муромцева отмечалось растворения фосфатов в виде наблюдаемой зоны растворения (рис. 1).



Рисунок 1 - Зона растворения фосфата фосфатмобилизующими бактериями


Инокуляция семян растений активными штаммами микроорганизмов не редко благотворно влияет на их рост и развитие. Такой эффект может определяться различными механизмами: усиление азотфиксации и фосфатмобилизации, выделение физиологически активных веществ, увеличение поглощающей способностью корня, повышения растворимости труднодоступных для растений соединений /11/.

Результаты влияния обработки фосфатмобилизующими бактериями пшеницы на прорастание семян представлены в таблице 1 и рисунке 2.

Таблица 1 – Влияние обработки фосфатмобилизующими бактериями семян пшеницы на их прорастание.

Штамм ФМБ	Всхожесть семян, %	Средняя длина проростка, мм Средняя длина корня, мм	
Контроль	65,00	40,69±5,02	34,34±3,93
Ф1	46,65	32,40±3,03	40,88±2,66
Ф2	61,65	43,25±9,84	44,73±7,52
Ф3	66,65	29,40±8,79	43,15±4,69
Ф4	68,35	20,63±7,94	35,88±5,99
Ф5	76,65	24,58±17,55	38,92±3,26
Ф6	66,65	32,76±0,23	41,84±9,16
Ф7	51,65	23,29±8,12	33,63±5,50
Ф8	60,00	25,79±11,77	40,71±7,49

Результаты исследования показали, что при обработке семян бактериальной биомассой ФНБ происходит незначительное повышение всхожести семян пшеницы (штаммы Ф3 –Ф6) и отмечается стимуляция роста корней практически во всех вариантах опыта.



суюнок 2 - Фото проросших семян пшеницы после обработки культуральной жидкостью ФМБ
а - контроль; б - обработка семян шт. Ф6

Рисунок 2 – Фото проросших семян пшеницы после обработки культуральной жидкостью ФМБ.
а – контроль; б – обработка семян шт. Ф6

Штаммы, проявившие положительный эффект на прорастание семян пшеницы были идентифицированы до вида.

На основании изученных признаков штаммы ФМБ были идентифицированы следующим образом:

Ф1 - *Arthrobacter* sp., Ф3 - *Baccillus* sp., Ф6 - *Bacterium* sp., Ф8 - *Aureobacterium* sp., Az1 - *Azotobacter* sp.

Для оценки способности штаммов ФМБ мобилизовать фосфор из нерастворимых фосфатов почвы был поставлен опыт со штаммами Ф8, Ф1, Ф3, Ф6, Az 1, которые выращивали в течении 14 суток. В культуральной жидкости определяли подвижный фосфор.

Таблица 3 – Активность мобилизации фосфатов штаммами ФМБ

№	Исследуемые культуры	Конц-я P ₂ O ₅ , мкг/1000 мл среды / к мобилизации фосфора
1.	Ф8	75 000 / 0,008
2.	Ф1	70 000 / 0,007
3.	Ф3	44 000 / 0,004
4.	Ф6	20 000 / 0,002
5.	Az 1	47 300 / 0,005
6.	Ф1+Ф8+Az 1	146 000 / 0,015
7.	Контроль	800 / 0,00008

Полученные результаты оценки активности фосфатомобилизации штаммов показали (табл. 3), что во всех опытных образцах коэффициент мобилизации фосфора увеличивается в 100 раз по сравнению с контролем. Из четырёх штаммов ФМБ наиболее активными оказались штаммы Ф8, Ф1 и Az 1, штамм Ф6 был наименее активным. Совместное культивирование трёх штаммов позволило получить наибольшую степень мобилизации фосфора.

Таким образом, полученные результаты позволяют предположить, что фосфатмобилизующие бактерии оказывают комплексный положительный эффект в отношении прорастания семян пшеницы. Идентификация ФМБ показала, что они принадлежали к различным таксономическим родам бактерии: *Azotobacter* sp., *Arthrobacter* sp., *Bacterium* sp., *Vaccillus* sp., *Aureobacterium* sp. Штамм Ф8 и Ф1 и Az 1 перспективны для дальнейших исследований.

1. Боронин А.М. Ризосферные бактерии рода *Pseudomonas*, способствующие росту и развитию растений. //Соровский образовательный журнал.- 1998. - №10. – С.25-31.

2. Omar S. A. *The role of rock –phosphate – solubilizing fungi and vesicular – arbusular – mycorrhiza (VAM) in growth of wheat plants fertilized with rock phosphate.* // World J. Microbiol. Biotech., - 1998. –V.14. – P. 211-218.

3. Natasha Gilbert. *The disappearing nutrient* // Nature. 2009. – V.461. –P.716-718.

4. Khan M.S., Zaidi A. and Wani P.A. *Role of phosphate – solubilizing microorganisms in sustainable agriculture – A review.* // Agron. Sustain. Dev. 27. – 2007. – P. 29-43.

5. Римкевич О.В. Эколого – функциональная роль микроорганизмов техногенно – нарушенных почвогрунтов (на примере дамбукинского золотоносного узла): Дисс. на соиск. к.б.н. – Благовещенск, 2006. – С.154.

6. Теннер Е.З. Практикум по микробиологии: уч. пособие для вуза. – М.: Дрофа. – 2004. – С. 256.

7. Практикум по микробиологии / Под ред. А.Н. Непрусова. – М.: Academia, 2 005. – С.597.

8. Schroth M.N., Hancock J. G. *Disease – suppressive soil and root – colonizing bacteria.* // Science. – 1982. – Vol. 216. – P. 1376-1381.

9. Родина А.Г. Методы водной микробиологии. – Л.: Наука, 1965.-С.281.

10. Намсараев Б.Б., Бархутова Д.Д., Хахинов В.В. Полевой практикум по водной микробиологии и гидрохимии. – Улан-Уде, 2006. – С. 58.

11. Громовых Т.И., Литовуа Ю.А., Садыкова В.С., Габибулина И.Г. Биологические особенности нового штамма *Streptomyces lateritius* 19/97 – М, перспективного для использования в растениеводстве. // Биотехнология. – 2005. - №5. – С.37-40.

Түйін

Оңтүстік Қазақстан топырағында кездесетін фосфатмобилиздеуші бактериялды зерттеу Р.

Аипова, С.А. Айткельдиева, А.А. Курманбаев, О.Б. Тапалова.

Әр түрлі үлгідегі топырақ құрамынан фосфатмобилиздеуші микроорганизмдер бөлініп алынды және теңестіру әдістері жүргізілді. Бидай өскінділеріне фосфатмобилиздеуші бактерияларды әсер етуі нәтижесінде олардың биологиялық белсенділігі зерттелінді. Фосфатмобилиздеуші микроорганизмдерден түрлі таксономикалық тұқымға жататын бактерия түрлері: *Arthrobacter* sp., *Aureobacterium* sp., *Azotobacter* sp., *Bacterium* sp., *Vaccillus* sp. бөлініп алынды.

Summary

Stady of bacterial phosphate mobilization from soils of the South Kazakhstan

R. Aipova, S.A. Ajtkeldieva, A.A. Kurmanbaev, O.B. Tapalova.

Phosphate mobilized microorganisms were isolated from various samples of soil. Their biological activity was studied in wheat seedlings. They were belonged to different taxonomic genera of bacteria: Arthrobacter sp., Aureobacterium sp., Azotobacter sp., Bacterium sp., Baccillus sp.

ӘОЖ 911.3:33 (574753)

Қытай Халық Республикасы шаруашылығының қалыптасуы мен дамуындағы экономикалық-географияның орны мен маңызы

Сарқытқан Қастер -г.ғ.к., доцент

Н.С.Аманбаев -Оқытушы

Елтану кафедрасы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қытай Еуразияның аса шұрайлы әрі қолайлы жеріне орналасқан мемлекет. Ол ерте заманда шығыс өркениеті мен мәдениетінің ошақтарының бірі болған. Осы аймақта адам баласының арғы ата-тегінің бірі ежелден мекен еткендігі бүгін ғылыми тұрғыда дәлелденген. Мысалы, “Пекин адамы” деп аталатын ертедегі адамдардың шамамен біздің заманымызға дейінгі 460–230 мың жылдар аралығында осы жерде өмір сүргендігі анықталған. Ал, кейбір деректерге сүйенсек, ертедегі адамдардың одан да бұрын қалыптасып үлгіргендігі айтылады. ғылыми тұрғыда анықталған[1]. Демек бүгінгі Қытай Халық Республикасы “ҚХР” тұрған географиялық аумақ ертеден-ақ өздерін Аспан асты жұрты немесе әлемнің орталығы санаған қисапсыз халық мекендеген, адамзат әрекетінің әсеріне күшті қалыптасқан өңір болып табылады [2].

ҚХР-дың негізгі халқы – қытайлар немесе ханзулар, дүниежүзіндегі жалпы саны бір млрд-тан асады. Олардың 97,3 пайызы Қытайды мекендеген. Олар монғол нәсіліндегі, қытай-тибет тіл семьясына жататын халық. Ханзулар тарихта көп түрлі атқа ие болған. Ал, “ханзу” деген атқа ие болуы (аудармасы хан ұлты немесе хандар) Батыс Хан дәуірінде (біздің заманымызға дейінгі 206–23 жылдар) хуация ұлысының төңірегіндегі халықтармен бірігу нәтижесіндегі хандық билігіне негізделіп қойылған.

Қытайлар ертеден егіншілікпен айналысқандықтан, өздерінің дәстүрлі шаруашылық ерекшелігіне сай келетін диханшылық күнтізбесін ерте пайдалана білген [3]. Қытай жеріндегі шаруашылық өркениетінің ең көрнектісі әрі ең байырғысы егіншілік болуының себебі де сонда. Халықтың егіншілікпен шұғылдандуына орналасқан орнының табиғат жағдайы – қоңыржай климаты, құнарлы топырағы және мол сулы өзендері себеп болғаны түсінікті. Қытайда дамыған егін шаруашылығы мен соған сай өркендеген дәстүрлі-рухани мәдениеті негізінен ірі өзендердің жағалауларында қалыптасқан.

Мәдениет және оның шығу тегі туралы оқымыстылар мен ғалымдар әр түрлі көзқарастар ұстанып келеді. Олардың ортаға салған анықтамалары мен түсініктемелерінің ұзын саны 200-ден артық [4]. Солардың ішінде біздің пікірімізге сай келетіні мәдениет дегеніміз – адамзат қоғамының дамуы барысында жаратылған барлық материалдық байлықтар мен рухани байлықтардың жиынтығы. Ал материалдық байлық пен рухани байлықтың барлығы да географиялық ортадан бастау алып, экономика арқылы өркениетке өтетіндігін ескергенде мәдениеттің де, өркениеттің де экономикалық географияның маңызды құрамдас салалары екендігі анықталады. Өркениет туралы да пікірлер көп. Мәселен, И.Гердер мен Э.Тайлор өркениетті мәдениетпен синоним ретінде қарастырса, Ж.Ж.Руссо қатарлы оқымыстылар өркениетті мәдениеттің ақыры, оның егделік шағы деп түсіндіреді. Біздіңше, бұлармен келісу қиын. Ал өркениетті мәдениеттің биікке көтерілуі, қоғамның парасаттылық деңгейі деп бағалайтын Ф.Вольтер және Д.Беллдердің пікірімен санасуға болады. Демек, өркениет – мәдениеттің дамыған түрі немесе мәдениеттің техникалық дамуы.

Қытай ғалымдары арасында өз елінің мәдениеті мен білімінің шығу тегі туралы пікір таластар мен зерттеулер талайдан бері жалғасын тауып келеді. Солардың ішінде, Қытай мәдениеті Батыстан келген деушілер де, жергілікті жерде пайда болып, қалыптасқан деушілер де бар. Біздің пікірімізше Қытай жерін мекендеген ертедегі халықтың ұрпақтарына мирас етіп қалдырған мәдениеті мен шаруашылығы болуы

мүмкін. Оның себебін Азияның бір шетінде орналасқан Қытайдың өзіне тән географиялық-экономикалық ерекшеліктері, тек сол өңірде ғана қалыптасқан мәдениет, білім және өнері айқындайды. Бұған Қытайдың әйгілі ғалымы Ляң Цычяудың “География мен мәдениеттің қарым-қатынасы” атты еңбегінен де үзінді келтіруге болады. Онда: “Азияның батысы, шығысы, оңтүстігі мен терістігі өз алдарына дербес әлем болды және олардың ортасында мәдениеттің алмасуы мен бәсекелестігі болмады. Оның себебі, күрделі де ұлан-ғайыр географиялық ортада орналасуы және түрліше климаттық жағдайы еді. Сондықтан да мәдениетті таратуға қабілетті болмаса да, бай мәдениетті жаратуға мүмкіндігі зор болды” делінген [5]. Ляң Цычяудың пікірімен толық келісуге болады. Себебі Қытайдың орналасқан географиялық аумағына көз жібергенімізде, шығысының ұшы-қиырсыз теңізбен шайылып, солтүстігі мен батысының көзжеткісіз құмды шөлмен көмкеріліп, ал оңтүстігінің асу бермес асқарлармен астасып жатқандығын аңғару қиын емес. Осындай томаға-тұйық ортаға сырттан білім мен мәдениеттің енуі немесе мәдениеттің бұл ортадан басқа жаққа ағылуы мүмкін емес болатын. Географиялық ортаның қандай маңызға ие екендігі осыдан-ақ түсінікті. Өндіріс өркендемеген кездерде оның маңызы тіпті айқындала түседі.

Ежелгі Қытай мәдениеті мен білімі өзі айналысқан егіншілік шаруашылығымен біте қайнасып, астасып жатты. Ал егіншілік мол сулы, климаты жылы Хуанхэнің орта және төменгі ағыс алабы мен Янцзы өзенінің бойында жақсы дамыды. Дүние жүзінің ірі мәдениет ошақтары Ежелгі Қытай, Үндістан, Египет және Вавилон мемлекеттерін қарастырсақ, барлығында да мәдениеттің өзен бойларында пайда болғандығын аңғарамыз. Сол қатарда Қытай мәдениеті мен экономикасының бесігі болып Хуанхэ мен Янцзы тарихта қалды.

Географиялық тұйық ортада өзіне тән экономика қалыптастырған қытай халқы кезінде өздерін әлемнің ең мәдениетті әрі дамыған аймағы деп санады. Айналасындағыларды өздерінен кейін қалған халықтар ретінде бағалап, “Біз әлемнің орталығымыз” деген идеямен асқақтады. Соның салдарынан мемлекет атын да “Жоңго” немесе “Орталықтағы мемлекет” деп атады.

Жазудың пайда болуы адамзат мәдениеті мен экономикасын тағы бір жаңа белеске көтерді. Қытайдың жазу мәдениетін ескідегі “бейне жазу” тарихынан бастар болсақ, бүгінге дейін 6 мың жылдық даму тарихы бар екендігін білеміз. Қытайдың ертеде жазылған “Жоу ли”, “Гуан зы” қатарлы кітаптарында жер бедерінің сызбалары бейнеленсе, 1973 жылы Хунан провинциясында қазылған Батыс Хан дәуіріндегі моладан (б.з.д. 206 ж. – б.з.д. 23 ж.) түрлі жер бедері және әскери карталар табылған. Ал географиялық мағынаға қатысты кітаптар мен жазбалардың ең көнесі Жанго заманында (б.з.д. 475–221 жж.) жазылған “Шанжиң” және “Иүгоң” деген кітаптар. “Шанжиңда” негізінен, Хуанхэ және Янцзы өзендерінің алабы жайында баяндалса, “Иүгоңда” таулар мен өзендерді табиғи шекара етіп белгілеп, сол кездегі мемлекет аумағын 9 аймаққа бөледі, олардың жалпы географиялық жағдайын баяндайды. Осы тектес кітаптар кейінгі патшалықтар тұсында да жазылып, күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Адамзат өркениетінің жаңа кезеңі ретінде қалыптасқан “Жаңа құрлықты ашу” серпілісінің соңы еуропалықтардың теңіз жолдары арқылы біртіндеп Қытайға да жетуіне мүмкіндік берді. Өздерінің ұлттық байлықтарын шетелдіктердің түрлі тәсілмен талан-таражға салуға қарсы көтерілген қытай халқының 1840 жылғы Апин соғысы отаршылардың пайдасына шешілгендіктен, олардың Қытайдағы ықпалы барған сайын жан-жақты күшейе түсті. Осындай тарихи себептерге байланысты Батыстың география ғылымы Қытайға еніп, Қытайдың дәстүрлі географиясы қазіргі заманғы географиялық үрдіске бағыт алды. 1909 жылы Жаң Цянуын қатарлы адамдар Тяньцзин қаласында алғаш “Қытай география қоғамын” құрды, ол ұйым кейін 1912 жылы Пекинге көшті. 1910 жылдан бастап “География журналы” жарық көре бастады [6].

Әйгілі географ Жу Кызжэннің 1918 жылы АҚШ-тан білім алып еліне оралуы Қытай географиясының осы заманғы талаптарға сай қызмет істеуіне негіз болды. Нанкин университетінің құрамында 1921 жылы алғаш география факультеті ашылды. Географияға қатысты газеттер мен журналдар жарық көріп, кітаптар жазылды, сонымен қатар ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. Алайда ол кезде жартылай отар және жартылай феодалдық құрылымда тұрған Қытайдың ғылыми жұмыстарды дамытуға мүмкіндігі шектеулі болатын.

Қай мемлекетте болмасын егемендікке ие болмай ұлттық сана мен ұлттық экономиканың еңсесі көтерілмейтінін біз жақсы түсінеміз. Мұндай үрдіс Қытайда да болды. Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін өз ұлттық теңдігін алған мемлекет ретінде келелі мәселелерді реттеуге мүмкіндік алды. Сол маңызды жұмыстың бірі – мемлекет жерінде жатқан байлық көздерін анықтау, игеру және апатты аймақтарды тізгіндеу сияқты экономикалық-географиялық және экспедициялық зерттеу қызметтерін

шұғыл қолға алу болды. Осы қызметтердің атқарылуы география ғылымдарының сан-салалы дамуына негіз болды.

Қытай Халық Республикасы құрылған 1949 жылғы қазан айынан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Осы жылдар ішінде Қытайдың шаруашылығы аумалы-төкпелі кезеңдерді басынан өткізіп отырып, дамудың даңғыл жолына түсті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шаруашылықтың орналасуы мен дамуына және ғылым-білім салаларының өркендеуіне Кеңес Одағының әсері ерекше болды. Кеңес Одағы Қытай үкіметіне заттай және ақшалай көмек көрсетуден тыс шаруашылықтың түрлі салаларына маман-кадрларын жіберді.

**ТЕХНОГЕННЫЕ ЗАГРЯЗНЕНИЯ НАЗЕМНЫХ И ВОДНЫХ ЭКОСИСТЕМ
БАСЕЙНА РЕКИ НУРА**

Г.М. Нурмагамбетова -

старший преподаватель кафедры «Страноведения»

Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая

Антропогенное загрязнение наземных и водных экосистем тяжелыми металлами в последние десятилетия приобрело глобальный характер. Токсичное действие таких металлов как ртуть, медь, кадмий, свинец проявляется на всех уровнях организации живой материи - от биоценотического до молекулярного. Все эти металлы обладают широким спектром токсических эффектов, в результате чего при повышенном уровне загрязнения среды нарушается половозрастная структура популяций, структура природных сообществ, что приводит, в конечном счете, к элиминации наиболее чувствительных к загрязнению-видов и деградации биоценозов.

Проблема загрязнения тяжелыми металлами содержит в себе два главных аспекта: биологический и гигиенический. С одной стороны загрязнение окружающей среды приводит к неблагоприятным изменениям в организме животных и, как следствие, к нарушению в структуре природных сообществ и в биоценозах, в целом. С другой стороны, животные, используемые в питании человека, становятся потенциально опасными для здоровья.

Территории, находящиеся в зоне слияния Карагандинского промышленного комплекса, на протяжении последних десятилетий подверглись интенсивному техногенному загрязнению. Одной из наиболее серьезных проблем является повышенное загрязнение этих территорий тяжелыми металлами, в ряду которых потенциальную опасность для биоценозов и здоровья населения представляют такие металлы, как ртуть, медь, цинк, свинец и кадмий.

Известно, что донные отложения играют важную роль в распределении металлов в водоемах. Так, по данным различных авторов до 97% всей ртути, поступающей в водоем, связывается с донными отложениями. Особую опасность представляет повышенное содержание донных отложениях ртути, так как именно здесь ртуть подвергается биотрансформации превращаясь в наиболее токсичную для живых организмов форму - метилртуть (табл. 1).

Ртуть закономерно накапливается в процессе миграции по трофическим цепям, становясь токсичной при концентрации выше 1 мкг/кг. Именно поэтому хищные виды рыб, в частности окунь, широко используются в Европе для определения уровня загрязнения водоемов ртутью и другими металлами. Способность окуня к бионакоплению ртути явилась причиной для рекомендации-ЕЮЗ к ограниченному употреблению его в пищу.

Таблица 1 - Предельно-допустимые концентрации тяжелых металлов в воде, мг/дм*

№	Наименование	Казахстан	Россия		Рекомендации ВОЗ
			В питьевых хез.быт.водах	В рыб.хоз.водоемах	
1	Ртуть	0,0005	[,0005/0,005	0,00001	0,001
2	Цинк	1,0	0,1/5,0	0,01-0,05	3,0-5,0
3	Медь	1,0	1,0	0,005	1,0-2,0
4	Кадмий	0,001	0,001/0,01	0,005-0,01	0,003-0,005
5	Свинец	0,03	0,03/0,1	0,1-0,1	0,01-0,05

Результаты анализа содержания метилов в органах и тканях окуня из бассейна р. Нуры свидетельствуют о повышенном содержании ряда металлов в мышечной ткани, печени и жабрах.

Несмотря на то, что содержание ртути в мышечной ткани окуня оказалась ниже допустимого остаточного уровня, превышение которого желает опасным употребление рыбы в пищевом рационе человека, обнаруженные нами концентрациз этого металла значительно превышают концентрацию, которая считается токсичной для рыб.

Район	Объект	Концентрация металлов, мг/кг					
		Ртуть	Цинк	Медь	Кадмий	Свинец	
Исследования	исследования						
	р.Нура выше Самаркандского водохранилища	Мышцы	0,15	64,58	19,13	2,17	0,39
		Печень	0,14	36,16	84,94	0,80	0,21
Самаркандское водохранилище	жабры	0,14	24,56	32,25	11,97	0,18	
	Мышцы	0,14	24,56	32,25	11,97	0,18	
Канал сбора стоков очистных сооружений	Печень	0,28		37,55	46,40	0,59	
	Мышцы	0,28		40,0	0,74	0,16	
Максимально допустимый уровень металлов в мышцах пресноводных хищных рыб	Печень	0,11			2,31	0,20	
	Мышцы	0,6	40,0	10,0	0,2-10,003	1,0	

Ихтиофауна Самаркандского водохранилища представлена семью видами рыб: лещ, карп, судак, серебряный карась, обыкновенный ерш, плотва, окунь речной. Из двадцати восьми обследованных экземпляров у двадцати пяти ртуть была обнаружена в пределах ниже допустимой концентрации, значения варьировали от 0,01 до 0,08 мг/кг. При рассмотрении уровня накопления ртути по видам рыб на всех обследованных точках, можно отметить, что наиболее интенсивными аккумуляторами являются щука и окунь. Это хищные виды, таким образом, накопление ртути в теле рыбы зависит от способа ее питания. В ряду «ранжирования» уровней накопления ртути в мышечной ткани, изученные виды рыб распределяются в следующем порядке: щука-окунь-лещ-карась-плотва-елец-ерш-судак-карп.




Рисунок 3 - Изменение концентрации ртути в мышечной ткани рыбы в зависимости от вида

Максимальное значение концентрации ртути общей в мышечной ткани рыб зафиксировано на створе р.Нура 5,7 км ниже сброса сточных вод.

Полученные данные свидетельствуют о том, что рыба как последнее звено в трофической цепи интенсивно накапливает в своем организме ртуть. Её концентрация в мышечной ткани рыб варьирует в широких пределах и зависит от степени загрязнения отдельных участков реки, видовых особенностей рыб и типа их питания, а также от степени накопления ртути кормовыми организмами.

Известно, что уровень накопления ртути в организме рыб сильно зависит от гидрохимических показателей загрязнённых водоемов и возрастает с увеличением размеров и возраста рыб. Воздействие метилированной ртути на организм рыб выражается в снижении выживаемости самцов, снижении репродуктивного успеха и нарушении соотношения полов у потомства. Хроническое воздействие повышенной концентрацией ртути снижает показатели линейно-весового роста, иммуно-физиологические и гематологические показатели, а также активность целого ряда ферментов.

Одним из важных следствий повышенного поступления ртути в организм животных и человека является её влияние на аккумуляцию других токсических металлов. Установлено наличие взаимосвязи между уровнем накопления ртути и содержанием меди, цинка и селена.

Как было показано выше, содержание меди и кадмия в органах и тканях окуня превышает

допустимую остаточную концентрацию. Медь является необходимым для позвоночных животных микроэлементом, который входит в состав ряда белков, в том числе ферментов. Однако при повышенном поступлении в организм гидробионтов она является в ряде случаев более токсичной, нежели ртуть.

Таким образом, индикаторные возможности планктона можно эффективно использовать на начальных этапах поступления загрязняющих веществ в водоем, поскольку элементарный состав планктона несет информацию о загрязнении среды обитания в короткий отрезок времени, равный жизненному циклу планктонных организмов. Сообщество зоопланктонных организмов служит характеристикой состояния среды. Отдельные виды этих организмов используются при индикации качества воды.

Түйін

Балықтар организмде сынаптың жинақталу денгейін және балықтар көлемі мен жасының өсуімен су қоймаларының гидрохимиялық көрсеткіштерімен байланысты. Сынап организмге әсер еткенде балықтардың ұлдырығының аман калуы темендейді, кейінгі ұрпақтарында жыныстық бұзылулардың арақатынасы өзгеріске ұшырайды. Сынап қорытпаларының хронологиялық әсері балықтардың салмақ, иммундық-физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштерін төмендетеді.

Summary

The mercury level in the organism of fishes strongly depends on the hydro chemical indexes of polluted water reservoir and it also can increase by the time fish grows in size and age. The influence of metalized mercury is seen in a decrease of male fish survival and in a decrease of reproductive success, and in disturbance of sex interrelation between descendants. Chronic influence of heightened mercury level decreases indexes of weight, immune-physiological and hematological indexes, and also reduces the activity of the most ferment.

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН

УДК 74.00

АҚПАРАТТЫҚ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Р.Ш. Избасарова – п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Л.Ж. Ибраймова - №81 гимназия мектебінің мұғалімі, Алматы қаласы

Қоғамның қазіргі даму кезеңі жедел ақпараттандырылу процесімен сипатталады. Ақпараттық компьютерлік технологиялардың білім беру жүйесіне енуі жаңа тарихи - әлеуметтік жағдайлардың талабы болып отыр. Компьютерлік технологиялардың дамуы мектеп түлегінің функционалдық сауаттылығына тағы бір көрсеткіш, компьютерлік сауаттылық көрсеткішін, енгізіп отыр. Яғни бүгінгі таңда мектеп түлегінің білім сапасын, компьютерлік сауаттылығын жоғарлату үшін тек қана информатика сабағында ғана емес, барлық пән сабақтарында, соның ішінде қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияларды тиімді қолдану міндет болып отыр. Бірақ бұл технологияларды біз қалай қолдануымыз керек?

Егер біз бұл технологияларды бұрынғы білім беру жүйесіне бұлжытпай кірістірсек, компьютер сабақта тек қана техникалық құрал ретінде қолданылып қала береді. Компьютерді - білім беретін бағдарламалық педагогикалық құрал ретінде қарастыру қажет. Яғни компьютерді тек қана техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрал ретінде ғана қолданып қоймай, оқушымен сұхбаттасатын таза білім “сақтаушысы” ретінде қарастырған жөн.

Компьютерлік оқыту жүйесі білім беру үрдісінде кең түрде қолданылатын оқу белгілерінің бағдарламалық құралдары және мынандай жағдайлар туғызады:

оқыту үрдісін саралау және даралау;

- білім алушы қателерінің диагностикасымен және кері байланысын тексеру;
- өзін-өзі бақылау және оқу-танымдық іс-әрекетіне өзіндік түзетулерді қамтамасыз ету;
- компьютердегі көп еңбек сіңіруді керек қылатын есептеулер есебінен оқыту мерзімін қысқарту;
- көзбен шолу оқу ақпаратына демонстрация жасау;
- құбылыстар мен процестерді үлгілеу және боямалау;
- эксперимент пен тәжірибелерді, зертханалық жұмыстарды виртуалды шындық жағдайында жүргізу;

• қолайлы шешімдерді қабылдауда іскерлік таныту;

• ойын жағдайларын қолданып, оқу үрдісіне қызығушылығын арттыру;

Сонда ғана мультимедиа жүйесі:

□ қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайдағы жеке тұлғаны дамытуға арналған міндеттерге сәйкес білім мазмұнын, оқыту әдістері мен ұйымдастыру түрлерін іріктеу әдіснамасын жетілдіруге;

□ тілді белсенді оқытудың әртүрлі үдемелі әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

□ оқушының интеллектуалдық потенциалын дамытуға, өз бетімен білім алу білімділіктерін қалыптастыруға, ақпараттық оқу, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға;

□ оқушының оқуға деген қызығушылығын қазіргі кездің кешенді ұсынатын және көру, есту негізінде қабылданатын ақпаратты құбылтып өзгертетін құралдарды қолдану арқылы арттыруға мүмкіндік береді.

Сабақта келесі бағдарламаларды қолдануға болады:

1. Тренажер – бағдарламалар;
2. Бақылаушы - бағдарламалар;
3. Тәлімгерлік бағдарламалар;
4. Көрнекіліктер бағдарламалары;
5. Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар

Тренажер – бағдарламалар оқушының білімін, білік-дағдысын бекітуге, пысықтауға арналған.

Бақылаушы - бағдарламалар бақылауға қажетті тұрақтылықты, көпнұсқалықты, бағаның мұғалімнің субъективтік көзқарасынан және тағы да басқа факторлардан тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, білім беру үрдісінің сапасын жоғарлатып, оқытушының еңбек өнімділігін, нәтижелілігін жоғарлатады.

Тәлімгерлік бағдарламалар - оқушылардың жауабын өндейтін бағдарламалар.

Көрнекілік - бағдарламалары арқылы компьютерді көрнекілік құралы ретінде қолдана отырып оқушыларды жаңа тақырыпқа керекті материалдармен таныстыруға болады.

Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар керекті ақпаратты алуға арналған. Оқушы компьютер арқылы кез келген ақпарат қорынан ақпарат жинай алады.

Педагогикалық компьютерлік бағдарламалық құралдарды (ПКБҚ) құрастырып қолданамын деген мұғалім келесі талаптарды ескеру керек:

1. ПКБҚ базистік курстың бағдарламасын қамту керек;
2. ПКБҚ жүйелі түрде де, эпизодтық түрде де қолданылу керек;
3. ПКБҚ оқыту, бақылау, ізденіс функцияларын орындау керек;
4. ПКБҚ мазмұнының көлемі ресми оқулықтардың көлемінен асып түсу керек;
5. ПКБҚ дидактикалық мазмұнын компьютерсіз оқытуда да қолдану үшін, бағдарлама басып шығаратын өніммен қамтамасыз етілуі керек.

Мысалыға «Адам және табиғат» тақырыпқа өткізген сабақты көрсетейік.

Мақсаты: Балаларға, Қазақстан ақын-жазушыларының Отанына, туған өлкесіне, табиғаттың сұлуда әсем көріністеріне арналған өлеңдерімен таныстыру. Табиғатты қастерлеуге, қорғауға тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Балаларды әдептілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: интерактивтік тақта, Қазақстанның табиғаты слайдтар, табиғат көрінісін жасау, сабақтың презентациясы, театрланған киімдер.

Сабақтың барысы:

- Балалар, қараңдаршы айналамыз қандай тамаша. Осы бөлмеге нұр беріп тұрған күнге қарайықшы. Сол күннен бәріміз жылу алайық. Күннен алған жылуымызды бір-бірімізге берейік, жылы лебіздер айтайық.

/ Мұғалім интерактивтік тақтамен табиғат туралы слайдтарды көрсетеді./

/ Оқушылар білген өлеңдерді жатқа айтады - Елтаңбасы еліміздің /Сұлтан Қалиевтікі/.

- Елтаңбаның жобасын жасаған – Жандарбек Мәлібеков, Шота Уалиханов аталарымыз. Осыны біліп жүріңдер балалар.

- Ал енді ту туралы түсінік беріңдер.

- Мемлекеттік туымыздың ұзындығы 2метр., ені 1метр. Туымыздың жобасын жасаған Ш.Ниязбеков.

Музыка ойналады.

Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін қойып тыңдату. Күйді тындап отырғанда ызыңдаған, сусындаған құрақ – қамыс дыбысы, сары далада ұйытқы соққан жел үйілі, қаңқ етіп қолдан ұшқан қаз дауысы естіледі. Осы таңғажайып сырға толы әуезді естігенде көз алдыңнан шексіз дала мен қоңыраулата шеру тартқан керуен өтіп жатқандай болады.

Сіздер естіген бұл әуезді қазақ елінің мақтанышы Нұрғиса Тілендиев жазған. Ол өзінің Отаны, туған жері, оның табиғаты мен тарихы жайында әуез арқылы, күй арқылы бізге әңгімелейді.

Ал осы туған табиғаттың әсемдігін, әдемілігін ең алдымен суретшілер көріп білген. Табиғат, шіркін адамды әлдилеген ана ғой. Суретші де, сазгер де сол әсемдіктен қанаттанып шығарма жазады. Қазір біз айтып отарған үлкен өнер иесімен қатар табиғаттың таңғажайып құбылысын көріп, дыбысын тындап, одан көл-көсір әсер алып, сол әсерді бізге жеткізген адамдар бар.

Біздің бүгінгі мақсатымыз ақын - жазушыларымыздың табиғат жайлы, Отан, туған жер лирикалары. Адамзат табиғатты қашанда туған анасына балап, оның көрікті де көркем көріністерін масаттана жырлаған. Олар туған табиғатына табынып, көп шығармалар жазған / ОТАН -Ермек Өтетілеуов, ОТАН -Мариям Хакімжанова, ОТАН - Р. Қунақова/

- Ал, енді бүгінгі табиғат, Отан, туған өлке жайлы әңгімемізді төрт мезгілге саяхат түрінде өткізейік. Ал, сендер, маған көмектесіңдер.

- Жылдың неше мезгілі бар?

- Сендер қалай ойлайсыңдар, әңгімемізді жылдың қай мезгілінен бастаймыз?
- Қыс.
- Дұрыс айтасыңдар, «Қыс» мезгілінен бастаймыз. Сендер қыстан, суықтан қорқасыңдар ма?
- Жоқ.
- Ал, Абай өмір сүрген заманда балалар қыстан қатты қорыққан. Неліктен?

Олардың киетін киімі болмаған. Сондықтан Абай қысты қатал, қаһарлы етіп суреттеген. Абайдың «Қыс» өлеңін оқимыз./ ҚЫС -Абай Құнанбаев, КӨКТЕМ ӨРНЕГІ -Оразақын Асқар, КӨКТЕМ КЕЛДІ - Мұзафар Әлімбаев/

Мұғалім интерактивтік тақта арқылы жыл мезгілдерді көрсетеді.

- Жер жүзі көгеріп, жасыл ала жібекке бөленіп құлпырады. Маусымның сап күмістей таза, мөлдір суына шомылған ұлпа бұлттар, шүйген шөптер, көк ормандар көз тартады. Табиғаттың осы әдемілігі қай ақын-жазушыны болсын шабыттандырып, сол әсемдікті сөзбен жеткізуге итермелейді. Ендігі кезекте «Жаз» мезгілі жайлы өлеңді тыңдайық / ЖАЗ -Абай Құнанбаев, КҮЗ –Абай Құнанбаев/

- Ал балалар, біз төрт мезгіл жайлы саяхатымызды ақын-жазушылар жырлағандай табиғаттың төрт бөлігі жайлы өлеңдер арқылы жалғастырайық. Табиғаттың төрт бөлігіне не жатады?

- Дала, тау, су, жануарлар.

Құрманғзының «Сарыарқа» күйін жайлап ойнатып қою.

- Дұрыс айтасыңдар, тау, қазақтың кең даласы, сусыз өмір жоқ, сондықтан су және жануар. Дала жайлы жырламаған қазақ ақыны жоқ. Ол түсінікті де, өйткені, ол – атамекен, халқымыздың алтын бесігі.

-Асқар биік, зеңгір таулар да өз сұлулығымен де, сұстылығымен де адамды өзіне тартады. Сол таулардан айбат алған біздің ақын жазушыларымыз жан ләззатына бөлерлік туындылар жазған.

Біздің туған өлке, Отанымыз, табиғатымыз, ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті, елгеайналуға тиісті.

- Ал, балалар, тақтадағы суретке назар аударайық. Табиғат әдемі болып, өз қалпын сақтау үшін біз не істеуіміз керек?

- Табиғатты қорғау, қастерлеу керек.
- Табиғатқа арналған мақал-мәтелдер:

1. Табиғат – төл анамыз,

Тынысымыз – ауамыз.

2. Орман – ел дәулеті, жер сәулеті.

3. Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын.

4. Ағаш ексең аялап, басыңда болар сая бақ.

Мақал-мәтелдер:

1. Ата балаға сыншы.

2. Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.

3. Еріншектің ертеңі бітпес.

4. Еріншек екі істер.

5. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

Әрине, бұл тақырып бір мақаламен толық ашылмайды. Сондықтан, бастауш мектепте сабағында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану мәселесі аясында жұмыс істейтін қалалық шығармашылық топ құруға да болар еді.

1. Сапрыкина Г.А. Реализация компьютерных курсов для предметов естественного цикла. Новые информационные технологии образования. Вып. 7 (часть 2). // Под ред. И.М. Бобко. Новосибирск. -1991. -С. 43-52. 32.

2. Сапрыкина Г.А. Мультимедиа-технологии - необходимый элемент создания эффективных компьютерных учебных пособий. Тезисы докл. Республ. научно-практической конференции Регинформ-94. Пермь. -1994. -С. 71-73. 34.

3. З.Айтмағамбетова Қ., Идилова Т.С. Дүниетану. 2 сыныпқа арналған оқулық., Алматы., Алматыкітап., 2009.

Резюме

Применение информационных компьютерных технологий в учебном процессе дает возможность более глубоко сформировать знания по предметам. Использование компьютеров, интерактивной доски, мультимедиа в процессе объяснения нового материала позволяет увидеть ученикам слайды о природе Казахстана, презентации к урокам, что повышает уровень успеваемости обучающихся.

Summary

Application of information computer technologies in an educational process gives an opportunity in more depth to form knowledge on objects. Use of computers, interactive board, multimedia in the process of explanation of new material allows to see to the students sliding seats about nature of Kazakhstan, presentation to the lessons, that promotes the level of progress of student.

ӘЖО 373.5.016.026.9:54 (574)

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Өнербаева З.О. –

Абай атындағы ҚазҰПУ, п.ғ.к, доцент, жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасы, Алматы қаласы

Молдаханова Р.Х. –

Кешкі (кезеңдік) мектептің химия-биология мұғалімі, Талдықорған қаласы

Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына арналған үндеуінде ұлттық білім беру жүйесінің дүние жүзілік стандартқа сай қазіргі кездегі талаптарды қанағаттыратындай болу қажеттігі ең маңызды мәселе ретінде қаралып, Қазақстан Республикасының түгел дерлік бағдарламалық құжаттарынан өзінің көрінісін табуда Қазақстанда білім беру сапасы көтеру жоғары білім беру құралдарын реформалауды, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын ендіруді, педагогикалық процесті жетілдіруді қажет етеді. [1] Қазіргі заманғы білім беру үрдістерінің жаһандану, ақпараттану тенденцияларының күшейгенін ескере отырып, ұлттық білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру мақсатында республикамыздың жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді.

Кредиттік технология бойынша оқыту жүйесі білім траекториясы мен көлемін кредит түрінде есепке ала отырып, білімді мүмкіндігінше өз бетімен ізденіп меңгеру нәтижесінде шығармашылық деңгейді жоғарылатуға бағытталған білім беру жүйесі. [2] Осы мәселеге байланысты республикада жоғары ұлттық оқу жүйесін дамытуға себеп болатын бірсалалы нормативтік құжаттар қабылданды. Олар біздегі жоғары білім беру жүйесінің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне өтуіне жағдай туғызады.

Қазіргі кезеңде химия мамандарын дайындау ісінде бірнеше қайшылықтар туындап отыр. Олар:

- кредиттік технологияға байланысты химиялық білім беруге арналған сағат саны мен химиялық материалдарды студенттерге толық меңгерудің арасындағы қарама – қайшылық;
- химияның негізгі теориялық ұғымдарын сарамандық білімділігін сапалы меңгертуге қойылатын талаптар және оның орындалуы арасындағы қайшылықтар;
- оқу жоспарында көрсетіліп отырған таңдау курстарына бөлінген сағат саны мен оған сәйкес арнаулы курстарды таңдаудың арасындағы қайшылықтар;

Осы жоғарыда көрсетілген қайшылықтар жоғары кәсіби білім беру жүйесінің негізгі мақсаты мен міндеті арасындағы сәйкес келмеушілікті, оны жетілдіруде кредиттік оқыту жүйесі және білім берудің жаңа технологиясын пайдалану қолға алынуға [3].

Бұл мәселені шешуде мынадай болжамдар жасалынды: химиядан білім беруде теориялық және практикалық тұстарын күшейту мақсатымен арнаулы курстар тақырыбын анықтап, оның бағдарламасын дайындап және сол бойынша ұйымдастырылған өзіндік жұмыстардың мазмұнын, құрылымын, жүйесін, әдістемесін берсек, сабақтардың инновациялық формаларын және жаңа технологиялардың тиімді түрлерін

қолданып оқытсақ, онда студенттердің білім деңгейі жоғарылап, материалды саналы игеру барысында біліктілік дағдыларының қалыптасуына жағдай туады [4].

Қолайлы жағдай туғызу үшін мынадай зерттеу әдістерін іс жүзіне асырдық. Олар: химиялық білім беру стандартын, химиядан бағдарламаларды, оқулықтар мен оқу құралдарын, есептер жинақтарын, практикумдарды талдау; студенттердің болашақ маман үшін студенттер мен оқытушыларға диагностикалық сауалнама жүргізу, әңгімелесу бақылау, тест тапсырмаларын әзірлеу, бақылау жұмыстарын өткізу, өткізілген бақылау жұмыстарының, коллоквиум мен емтихандардың нәтижелерін саралау; болашақ, мамандардың педагогикалық практикасы өту барысындағы пайдаланылған тиімді әдістерін эксперимент арқылы байқау және оның нәтижесін сандық, сапалық тұрғыдан талдау жұмыстарын жүргіздік.

ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ:

Жоғары оқу орындары жайлы бағдарламалық құжаттар, Қазақстан Республикасы жоғары білім беру стандарттары, типтік оқу жоспарлары, химиядан типтік бағдарламалар, білімді бағалаудың дидактикалық принциптері, жоғары оқу орындарында химиядан білім беру аймағындағы зерттеулер, оқыту процесін ұйымдастыру жайлы ғалым педагогтардың еңбектерінде берілуі қарастырылды.

Оқыту формаларын интерактивті әдістермен өткізу әдістемесі құрылды. Аталған әдістемені апробациялау мен іс-тәжірибеге енгізуге арналған жұмыстар жүргізілді, электрондық әдістемелік материалдар (слайд-лекция, электрондық оқулық, мультимедиялық презентация) әзірленді.

Студенттерге химиядан жаңа технологиямен білім беру процесін нәтижелі ұйымдастыру пәннің әдістемелік қамтылуының қандай дәрежеде әзірленгеніне байланысты. Сондай-ақ пәннің әдістемелік тұрғыдан жабдықталуына оқу жоспары, бағдарламасы студентке арналған оқу әдістемелік кешенін құру жатады. Оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы жоғары білімін дамыту бағдарламасына, типтік бағдарламаға сүйеніп құрылады. Студенттерді оқытудың әр түрлі формаларын (дәріс, семинар, зертханалық жұмыс, сарамандық сабақ), СӨЖ және СӨОЖ-ын дұрыс ұйымдастыруды олардың жекебас ерекшеліктерін ескеріп, тапсырманың мазмұны мен көлемін олардың деңгейлеріне қарай беру жағдайы қарастырылды.

Мазмұндық компонент бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс негізінде студенттің тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады. Онда ең алдымен студенттердің өзіндік жұмысының тақырыбы, жоспары, қолданатын әдіс түрі анықталып құрылып, орындалу кестесі түзіледі. Өзіндік жұмыс кестесі студенттерге арналған оқу-әдістемелік кешен силабуста беріледі. Студенттің қолында аталған оқу-әдістемелік кешеннің болуы студенттің өзіндік жұмысты дұрыс ұйымдастыруына, уақытын үнемді пайдалануына жағдай туғызады.

Процессуалды әрекеттік компонент оқытуының оқыту іс-әрекеті мен студенттің танымдық әрекетінің бірлесуінен тұрады. Оқытушының педагогикалық іс-әрекеті жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде оқытуға, студенттің дара тұлға ретінде қалыптасуына, шығармашылық деңгейінің дамуына тиімді жағдай туғызуға бағытталады. Мұнда оқытушы студенттерге білім беру кезінде мемлекет білім беру стандарты және типтік бағдарлама талабына сай оқу-әдістемелік кешенді, оқу жұмыс бағдарламасын, жұмыс бағдарламасын құрастырады. Оқу-әдістемелік кешендер студенттердің мамандықтарына, мамандануына, оқылатын пәннің мазмұнына тікелей байланысты болады.

Оқытушы мен студенттің іс-әрекеті оқу жұмысының әр түрлі іске асыруға бағытталады. Жоғары оқу орындарында оқу жұмысын ұйымдастыру формаларына дәріс, сарамандық сабақ, зертханалық жұмыс, семинар, студенттің оқытушы қатысуымен өтетін өзіндік жұмысы жатады.

Оқытушы қатысу арқылы жүргізілетін СОЖ кредиттік жүйе жағдайында енгізілген оқыту формасы ретінде сабақ кестесіне қойылады. Сабақтың осы түрінде әр қилы белсенді әдістер қолданыла отырып, студенттердің өзіндік жұмыстары ұйымдастырылды. Студенттердің болашақ мамандығына қызығуын арттыру, өз-өзіне деген сенімін күшейтіп, таным қабілетін дамыту үшін жаңа инновациялық технологиялық әдістерді қолданып, сабақты тартымды өткізу жоспарланды.

Соның бірі жаңа тақырыпты игеру мақсатында «химия мектепте» пәнінен 3-курс студенттерімен өткізілген студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі құрылды.

Мәселен, 8-сыныпта **«Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары жөніндегі мағлұматтарды жинақтап қорытындылау»** тарауын модульді жүйемен оқытудың жоспары талқыланды [5].

Бөлімі	Сабақтың саны	Сабақтың мазмұны
Кіріспе	1-сабақ – дәріс	1. Оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздардың жіктелуі, құрамы, аталуы. 2. Оксидтердің химиялық қасиеттері. 3. Қышқылдардың химиялық қасиеттері. 4. Негіздердің химиялық қасиеттері. 5. Оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздар арасындағы генетикалық байланыс.
Сөйлеу бөлімі (диалог)	2-сабақ	«Қарлы кесек» ойыны
	3-сабақ	«Брейн ринг» ойыны
	4-сабақ	«Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары» бойынша эксперименттік есеп
Қорытынды	5-сабақ	Тест
	6-сабақ	Бакылау жұмысы

Жалпы модельдеу жүйесі бойынша өтілген сабақтарға мынадай мақсат қойылды:

Білімділік. Оқушылардың бейорганикалық қосылыстардың кластары жөніндегі білімдерін жүйелеп, тереңдету, қорытындылау.


Дамытушылық. Химиялық тәжірибелер жасай отырып, заттарды бір-бірінен ажырата білу, химиялық формуласын құрастыру, теңдеу құру, бейорганикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланысты игеру біліктерін дамыту.

Тәрбиелік. Топтасып жұмыс істеуге, ұйымшылдыққа, белсенділікке, жауапкершілікке, іскерлікке тәрбиелеу.


Бірінші сабақта оқушылар сабақтың тақырыбымен, оның мақсатымен, сабақта пайдаланылатын оқытудың модульдік жүйесінің құрылымымен (оған ену, одан шығу жолдары) және әр сабақта пайдаланылатын әдіс-тәсіл түрлерімен (сабақ түрі – ойын, тест, сынақ) таныстырылады.

Кіріспе бөлімінде берілетін білім дәріс сабағының жоспары бойынша оқушыларды қатыстыра отырып, тірек-сызбалар арқылы түсіндіріледі.


Оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздардың жіктелуі, құрамы, аталуы.




Оксидтердің алынуы және химиялық қасиеттері



Қышқылдардың алынуы және химиялық қасиеттері



Негіздердің алыну әдістері мен химиялық қасиеттері



№1 тірек-сызба арқылы оқушылар белгілі жіктеуді (анықтамасы, құрамы, аталуы) қайталайды (металдар және оның қосылыстары көк түспен, ал бейметалдар және оның қосылыстары қызылмен беріледі). Әр түрлі класс өкілдері арасындағы генетикалық байланысты түсіну үшін жинақтаушы тағы бір тірек-сызба құрастыруға болады. Ол тірек-сызба алғашқы сабақтардан бастап біртіндеп құрастырылып, соңғы сабақта толық құрастырылып бітеді. Оны әр мұғалім өз ізденісіне, оқушыларының қабылдау деңгейіне байланысты әр түрлі құрастыруға мүмкіндігі бар. Бұнда оқушылар білімі белгілі бір жүйеге келтіріледі. Тірек-сызбаны пайдаланып оқушылар металдар мен бейметалдардың генетикалық қатарын салыстырып, ұқсастығын табады.

- а) қатардың құрамы бойынша (жай зат, оксид, гидроксид, тұз);
- ә) химиялық реакция бойынша бір қатардан екіншіге өтуді қамтамасыз ететін (қосылу, алмасу, орынбасу реакциялары) айырмашылығын анықтайды;
- б) химиялық элемент бойынша (металл, бейметалл);
- в) сәйкес оксидтер, гидроксидтердің қасиеттері бойынша.

№2, 3, 4 тірек-сызбалар арқылы оксидтер, негіздер, қышқылдар, тұздардың алыну әдістері мен химиялық қасиеттері түсіндіріледі (қажетті зертханалық тәжірибелер демонстрацияланады).

Осы тірек-сызбалар арқылы сабақта оқушыларға түсіндіргенде бейорганикалық қосылыстардың арасындағы генетикалық байланысқа көбірек назар аударылады.

Сабақтың соңында төмендегі жалпы жұмыстарды оқушыларға орындатып, оның жауабын талдау арқылы тақырыпты бекітуге болады.

1-тапсырма. Төмендегі берілген формулалардан оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздарды бөліп, оларды атаңыздар.

HCl, K₂O, NaOH, Ca(OH)₂, K₂CO₃, HNO₃, Fe(OH)₃, SO₂, H₂SO₄, Fe₂O₃, MgSO₄, FeSO₄.

Одан мына сұрақтарға жауап іздейміз.

1. Неліктен K₂O, SO₂, Fe₂O₃ заттарын оксидтерге жатқыздыңыздар?
2. Берілген қышқылдар, негіздер, тұздар құрамында қандай ұқсастық бар?
3. Қышқыл мен тұз, негіз бен тұз құрамында қандай айырмашылық бар?
4. Қандай жағдайда берілген қосылыстарда жақша ішінде рим цифрғы көрсетіледі?


Оқушылар оқулықты пайдалана отырып жауап береді.

2-тапсырма. Мына заттардың формулаларын құрастырып, тиісті кластарға бөліңіздер, мыс (II) хлориді, магний гидроксиді, күкіртті қышқыл, күкірт (VI) оксиді, натрий сульфаты, кальций оксиді, ортофосфор қышқылы, темір (III) гидроксиді.


3-тапсырма. Оқушылар жазбаша жұмыстан кейін өздері жазған заттарды көзбен көргені дұрыс.

Тәжірибе көрсетілетін үстел үстіндегі ыдыстағы заттарды кластарға бөліп қойыңыздар. (4 оқушы шығып оксидтерді, негіздерді, қышқылдарды, тұздарды бөліп қояды, формуласын, атын айтады.)

4-тапсырма. Барий металл екенін біле отырып, оның қосылыстарының генетикалық қатарын құрыңыздар, атын атап, заттардың қай класқа жататынын анықтаңыздар:



5-тапсырма. Төмендегі заттар арасынан фосфордың генетикалық қатарын құрайтын заттар формуласын тауып, бөлек жазыңыздар:



Фосфордың генетикалық қатарын құрып, заттарды атаңыз, класын анықтаңыздар.

1. Қ.Р. Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Астана., 2007 ж, 17 бет, 55 бет.

2. Баенбаева Г.К. Кредиттік технология сатысында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру || Жаңартпашылық экономика үшін мамандарды дайындаудағы ЖОО-ның рөлі, білімі, ғылым.

3. Өнербаева З.О. Химия пәні мұғалімін технологиялық даярлаудың маңызы мен ерекшеліктері. ҚР Президенті Қазақстан халқының ал-ауқатын көтерудің негізгі бағытарын жүзеге асыру. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 12 наурыз 2008 ж. 5 бөлім. 67-72 б.

4. Токходжаев Б.М., Иркимбаев С.Н., Өнербаева З.О. К внедрению в учебных процесс некоторых вопросов инновационной методики обучения. Научное образования мат.межд.научно-прак. Конф. 20-21 апреля, 2007 г.

5. Смағұлов А. Модульді оқыту. Химиялық қышқылдардың қосылуы // хабаршы. ҚазҰПУ. Жарат-геогр. ғылымы. № 2(8). 2005 ж. 13-17 б.

Резюме

В научно-методической статье рассматривается необходимость создания методической системы организации самостоятельных работ студентов при кредитной системе обучения через специальные курсы по химии. Примечание современных обучающих технологий при преподавании химии в высшем школе в условиях изменения объема и содержания учебных программ.

Summary

In scientifically-methodical article is considered need of the making the methodical system to organizations of the independent work student under credit system of the education through special courses on chemistries. The application of modern education technologies in teaching of chemistry when the volume and content of education programs are change.

ӘОЖ 514.06.372.854

ОҚУШЫЛАРДА ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯДАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Д.Р.Онтагарова-
аға оқытушы

Семей Мемлекеттік Педагогикалық Институты

Бүгінгі таңда жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экологиялық білім мен тәрбие беруді негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылдануда. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 183-бабында «Білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беру мамандандырылған және пәнаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ экологиялық аспектілерді қазіргі оқу піндеріне кіріктіру арқылы жүзеге асырылады»-деп көрсетілуі қазіргі заман талабына сәйкес экологиялық білімнің қоғам өміріндегі маңызы мен рөлінің арып отырғанын дәлелдейді [1].

Органикалық химияда қарастырылатын химиялық – экологиялық білімдермен оның негізгі болып саналатын ұғымдарда басты мәселе ұғымдардың анықтамасын қандай негізге сүйеніп берілетіндігін нақтылау және тұжырымын беру, өйткені қазақ тіліндегі экологиялық ұғымдардың терминологиясы әлде жәйеге келген жоқ деп айтуға болады.


Химиялық- экологиялық білімдері негізіндегі ұғымдары – оқушыларға қоршаған ортадағы заттардың адам ағзасына әсері, табиғаттағы рөлі туралы түсінікті кеңейтуге мүмкіндік беретін, олардың өзгерістерінің химиялық табиғатын түсіндіруге негіз болатын терминдер, химиялық өндірістегі табиғатты қорғауға арналған қондырғылар, құралдарды сипаттайтын түсініктер жүйесі.

Экологиялық білімдер негізіндегі ұғымдар – қоршаған ортадағы адамның әсерімен болған өздерістер, құбылыстарға қатысты, табиғат ресурстары, оны тиімді пайдалану және қорғаудың ғылыми-техникалық шараларына байланысты түсініктер және терминдер жүйесі.

Жалпы оқушыларда қалыптастырылатын экологиялық ұғымдарды органикалық химия курсы тақырыптарымен байланысын төменде.

(1-сызбанұсқа) көрсетуге болады.

Сызба нұсқа-1 Экологиялық ұғымдары органикалық химия курсы тақырыптарымен байланыстыру.



Мұғалім химиялық- экологиялық, мазмұнды материалдарды іріктеу барысында оған қатысты ұғымдарды ажыратып алып, қандай тақытыпта беру мүмкіндігін қарастыра алады.

Жүйеленген ұғымдарды әр тақырыпқа байланыстырып қарастыру **біріншіден**, ұғымдардың пәнлегі негізгі идеяны қортындылап (пәнішілік қорытындылау) жинақауға, **екіншіден** – басқа жаратылыс тану пәндерінен алған білімдерді жүйелеп (пәнаралық) қорытындылауға, **үшіншіден** – философиялық санат бойынша ұғыну арқылы қоғамдық пәндерден алған білім жүйелерімен жақындастыру және синтездеуге мүмкіндік береді.

Ұғымдарды меңгерудің мақсаы – әр түрлі танымдық жән сарамандық міндеттердің мазмұнын меңгеріп, қолдана білудің жолдарын шешу.

Химиядан қалыптастырылтын ұғымдарды меңгеру аса күрделі үрдіс, өйткені алғашқы ұғымдарға ой қорытындыларын жасай білу, оның мазмұнын жаңғырта білу, ұғыну, біліктер мен іскерліктерді бекіту, танымдық әрекеттерді іс жүзінде қолдана білу, ұғыну, біліктер мен іскерліктерді бекіту, танымдық әрекеттерді іс жүзінде қолдана білу, ең соңында ұғымдарды меңгеру жүзеге асады [2.3].

Органикалық химиядан қалыптастырылатын химиялық-экологиялық білімдерге қатысты ұғымдарды қалыптастыру қазіргі шешімін таппаған мәселелердің бірі деп есептеуге болады.

Оқушыларда білімге қатысты ұғымдарды қалыптастыру және дамыту үрдісінде психолоктар (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызин, З.И.Калмыкова) еңбектерін негізге алуға болады. Олар оқушыларда ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың ролін және оны меңгерудің шарты белгілі-бір әрекеттердің жүйелі жүзеге асуы арқасында мүмкін болатының көрсетті [4].

Таным – бұл әр жақты процесс. Ол білмеуден білуге қарай бағыттылған ой қозғалыстарының адам миында бейнеленуі. Танымдық мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнеленуі болып табылды [5].

Қазіргі кезде педагогикалық-дидактиалық зерттеулер негізінде оқушылардың органикалық химиядан қалыптастырылатын экологиялық ұғымдарының оқу-танымдық даму кезендерін төмендегідей қарастырдық.

I-кезеңі. Химиялық-экологиялық, экологиялық білімдеріне қатысты ұғымдар жүйесін қалыптастыру, ұғымдарға анықтама беру, мәнісін түсіндіру, маңыздылығына көңіл аударту арқылы жүзеге асырылуы;

II-кезеңі. Ұғымдардың анықтамасын, мәнісін, маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік беретін әр түрлі амалдарға, жағдайларға пайдаланылуы;

III-кезеңі. Ұғымдардың анықтамасын, мәнісін, маңыздылығын кез келген жаһандық мәселелердің басты себептері мен өзара байланысын, өндірістің экономикалық-экологиялық тиімділігі, не тиімсіздігі, өнеркәсеп қалдықтары, олардың қоршаған ортаға әсері сұрақтары төнірегімен байланыстыра алуы;

IV-кезеңі. Ұғымдарды анықтамасын, мәнісін, маңыздылығын кез келген органикалық заттардың әр түрлі қоршаған ортаға әсеріне болжау, жорамал жасауға қолдана алуы.

Көрсетілген кезендердің әрқайсысы өзіндік танымдық іс-әрекеттерді белсендіруімен ерекшеленеді.

Әрбір оқу пәнінде оқу жұмысының негізгі тәсілдерінің болуы және оларда қалыптастыру маңызды. Оқушыларда экологиялық ұғымдардың қалыптасуын іс-әрекеттердің белсендіру тәсілдерімен байланыста қарастырып көрейік.

Кезеңдері	Ұғымның қалыптастырылу сипаттамасы	Іс-әрекеттердің белсендірілу тәсілдері
<i>I-кезеңі.</i>	Қалыптастырылған ұғымның анықтамасы, түсініктемесі беріледі. Берілетін анықтаманың, не түсініктің оқушының ұғымына сай, не түсініктің оқушының ұғымына сай, жадына сақталуына қысқа, нақты болуы ескерілу керек.	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Презентациялау; ✓ Осы ұғымға байланысты ассоциация; ✓ Баспасөз материалдарынан хабарлама.
<i>II-кезеңі</i>	Әр түрлі органикалық ластаушы қосылыстардың ыдырау, не синтезі кезінде түзілген көмір қышқыл газының қоршаған ортадағы әсерінің салдары осы ұғымның қолданылуы	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сұрақтар қою; ✓ Есеп-жаттығулар орындау; ✓ Зертханалық тәжірибелеу қою.
<i>III-кезеңі</i>	Осы ұғымдардың жаһандық мәселелерді туғызуға әсері тұрғысынан кез келген химиялық өндірістердің қоршаған ортаға зияндылығын салыстыру	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Кестелермен жұмыс; ✓ Оқулықпен жұмыс; ✓ Таратпа материалдармен; ✓ Тест тапсырмаларын орындау.
<i>IV-кезеңі</i>	Еліміздегі, жергілікті жерлердегі қоршаған ортаның жай-жапсарын саратау арқылы, осы ұғым тұрғысынан қауіптілік барма жоқпа, соған болжам жасау	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Ақпарат көздері материалдармен жұмыс; ✓ Жергілікті өндірістерге сипаттама беру.

Органикалық химияның оқыту үрдісін экологияландыруда ұғымдардың қалыптастырылуының белсенді тәсілдерін ойластыру оқушыларда жалпы экологиялық дүние танымының қалыптасуына негізгі боолуына ықпал енетіндігі сөзсіз.

Экологиялық білімді дұрыс жолға қоймайынша, экологиялық проблемалардың шешімін табуда ілгерлеудің мүмкін еместігі баршаға аян.

1. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі. - Алматы: ЮРИСТ, 2007. - Б. 85
2. И. Нұғыманұлы, Ж. Ә. Шоқыбаев, З. Ө. Өнербаева. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы: Print-S, 2005. - Б. 24
3. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2004. - Б. 62.
4. Талызина Н. Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. - М.: Знание, 1983. - Б. 58-67.
5. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. - Алматы, 2002. - Б. 369.
6. Педагогика: Оқулық. Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы. - Алматы: Print-S, 2005. - Б. 233.

Резюме

В данной статье на основе химико-экологических и экологических знаний дана классификация понятий школьного курса органической химии. На основе указанной классификации показаны, какие понятия должны быть изучены в курсе органической химии, важность определения их места, их связь с изучаемыми темами органической химии.

Рассмотрены познавательные аспекты формирования учащимися экологических понятий. На основе современных педагогических исследований определены этапы учебно-познавательного развития при изучении экологических понятий, введенных в курс органической химии.

Summary

In given clause on the basis of chemical-ecological and ecological knowledge classification of concepts of a school rate of organic chemistry is given. On the basis of the specified classification are shown what concepts should importance of definition of their place, their communication with studied themes of organic chemistry is studied in a rate of organic chemistry.

Cognitive aspects of are considered of ecological concepts. On the basis of modern pedagogical-didactic researches stages of educational-cognitive of pupils are certain at studying ecological concepts, introduced in a rate of organic chemistry.